

2022 Бағынды бер, Барыс жылы!

Сыр бойы



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

1 қаңтар, сенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

№1-2
(20275-20276)



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қымбатты сырбойлықтар!

Баршаңызды Жаңа 2022 жылмен шын жүректен құттықтаймын! Еліміздің ең басты ұлық мерекесі – қасиетті де қастерлі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойын атап өттік. Қандай киындық болса да, берекелі бірлігіміз бен тату тірлігіміздің арқасында біріміз бірге еңсеріп, кез келген ауыртпалықты жеңе білдік. Пандемияға қарамастан өңірде бірқатар көрсеткіштер бойынша оң динамикаға қол жеткіздік. Әлеуметтік маңызы бар құрылыс нысандары, тұрғын үйлер салынып, жылу, газ, электр жабдықтау инфрақұрылымдары жүргізілді, қаланың шеткі аймақтарындағы, елді мекендердегі жолдар жөнделді. Жаңа жылға осындай игі істерімізбен, ізгі үмітімізбен қадам басып отырмыз.

Қадірлі жерлестер!

2021 жылды нәтижелі аяқтасақ, ол – сіз бен біздің бірлесе атқарған еңбегіміздің жемісі. Сыр өңірінің өсіп-өркендеуіне қосқан үлестеріңіз үшін баршаңызға ризашылығымды білдіремін! Келер жылы Тәуелсіздігіміздің төртінші он жылдығына қадам басамыз, ел дамуының тағы бір жаңа кезеңі басталады.

Жаңа 2022 жыл әрбір отбасына мол ырыс-несібе әкелсін!

Сыр қамбасы қазыналы болып, берекеміз арта берсін!

Еліміздің еңсесі биік, Тәуелсіздігіміздің тұғыры берік, мәңгі болсын!

Жаңа жыл құтты болсын, қадірлі жерлестер!

Құрметпен,

облыс әкімі Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА



● БҮГІН – РОЗА БАҒЛАНОВАНЫҢ
ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ

ЭН-ҒҰМЫР



Қазақтың ән өнерін бүкіл әлемге танытқан, 70 жыл сахнаның гүлі, ұлттың үні болған ән падишасы, Халық қаһарманы Роза Тәжібайқызы Бағланова 1922 жылдың 1 қаңтарында Қазалы қаласында туған. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «2022 жылдың бірінші қаңтарында қазақтың бұлбұл әншісі Роза Бағланованың қазіргі күнге дейін еліміздегі және шет елдердегі әншілер қауым арасында кеңінен танымал. Оның есімін мәңгі сақтау үшін іс-шаралар қабылдауды тапсырдым» деген болатын. Президент тапсырмасына сәйкес, қазір игі істер мен ізгі шаралар басталып кетті.

6-бет



«Атамекендегі» шырша шаттығы

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылына барып, ондағы тәрбиешілер мен балаларды Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, ақжарма тілегін жеткізді. Тәрбиеленушілер әзірлеген жаңажылдық мерекенің қонағы болды.

Мерекелік іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Балжан Шаменова, аппарат басшысы Ерлан Райғаниев, қала әкімі Ғанибек Қазантаев, облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова, облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы Райкүл Байназарова мен балалар ауылының директоры Лиза Скакова қатысты.

Аймақ басшысы алдымен «Алатау» шығармашылық үйінде оқушылар ансамблінің өнерін тамашалады. Тәрбиеленушілер такпақтарын айтып, Роман Дмитриев пен Нұршат Нышанова оқушылардың жетістіктерімен таныстырды.

Өз кезегінде облыс әкімі еліміздің жарқын болашағы өскелең ұрпақтың еншісінде екендігін алға тартып, сапалы білім алып, талапты болуға шақырып, балаларды ғажайыпқа толы Жаңа жыл мерекесімен құттықтады.

– Барлығымыз Жаңа жылдан жақсы жаңалық күтеміз, бір-бірімізге жақсылық тілейміз! Сендердің де ерекше тілек тілеп, Азия атадан әлемі сыйлық алғыларың келетінін білемін. Сол себепті де, бүгін өздеріңді осы бір керемет мерекемен құттықтауға келіп тұрмын.

Мен сендердің жағдайларыңды үнемі сұрап отырамын. Қалай оқып жатырсыңдар, сендерді не қызықтырады, барлығы әрдайым менің назарымда. Сендер қандай бір жетістікке жетсеңдер, мен қуанып отырамын.

Биыл Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын атап өттік. Енді, міне, төртінші онжылдығына қадам бастық. Сендер – егемен еліміздің болашағысыңдар. Азат еліміздің келешегін баянды етуге сендердің үлестеріңнің мол боларына сенемін! Үлкен азамат болып өсіңдер!

Ұстаздарыңды үлгілі тәртіптерімен, жақсы оқуларыңмен қуанта беріңдер! – деді облыс әкімі.

Мерекелік думанды сәтте балалар үйінің тәрбиеленушілеріне облыс әкімі атынан үрлемелі бассейін және тәттілер салынған жаңажылдық себет ұсынылды.

Мұнан соң, балалар ауылының түлегі, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде облыс әкімінің грантымен оқитын Акмарал Сартова облыс басшысына жүрекжарды лебізін арнады. Мерекелік іс-шара соңында гимнаст алаңындағы безендірілген шырша жанында естелік суретке түсті.

Айта кетейік, отбасы үлгісіндегі балалар ауылы 2015 жылдың 1 маусымында жұмысын бастады. Бүгінде 39 жеткіншек тәрбиеленуде. Мекемедегі 40-тан астам қызметкер жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеп, оқытып, тұлға қалыптастыру жолында еңбек етуде.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі

Армысың, аланым!

Жыл және жыл атын иеленген барыс сапаты



Барыс – ерекше жыл, жыл атын иеленген аңның өзі де ерекше. Сонда ол қандай қасиеттерімен ерекше, бүгінгі әңгіме сол жайында болсын.

Барысқа алдымен ғылым тілімен бір анықтама беріп алайық. Ол – мысық тұқымдас, жыртқыш аң. Түсі сұр теңбіл шұбар, сақина тәріздес қара дақтары әдемі жарасалы. Дене тұрқы шоқтығымен есептегенде биіктігі 60, ұзындығы 100 см болады. Ол биік тауларда жортып жүреді. Біздің елімізден басқа Орта Азия елдерінде, Үндістанда, Монғолияда, Ресейде кездеседі. Бүгінгі күнге дейін барысты аулаушылар азаймай отыр екен. Оның терісі қара базарда кемі 60 мың АҚШ долларына бағаланады дейді деректер. Ғажайып аңның ажалы осы баға болып тұр.

8-бет

Сыйыңа рахмет, Сыр жылы!

1. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы жарыққа шықты.

2. 2021 жылдан бастап қазақстандықтарға зейнетақы жинақтарының бір бөлігін үй алу, емделу немесе жеке қаржы компанияларына басқаруға беру мақсаттарында пайдалану құқығы берілді. Аймақта 12540 адам зейнетақы төлемдерін пайдаланды.

3. ҚР Мәжіліс және жергілікті мәслихат сайлауы өтіп, облыстық мәслихаттың VII шақырылым депутатылары іске кірісті.

4. 1 ақпанда коронавирусқа қарсы алғашқы вакциналау жұмыстары басталды. Облыста вакцинацияның I компонентін 416322, II компонентін 384617 адам алды.

5. Теренөзек, Жалағаш, Жосалы кенттеріне газ қосылды. Облыс тұрғындарының 65 проценті «көгілдір отын» пайдалану мүмкіндігіне ие болды.

6. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Сыр жұрты» танымдық-пассионарлық жобасы әзірленді.

7. Ыбырай Алтынсариннің 180, Жамбыл Жабаевтың 175, Әлихан Бөкейханұлының 155, Қажымұқан Мұңайтпасовтың 150, Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойлары аталып өтті.

8. Алғаш рет елімізде ауыл әкімдерінің тікелей сайлауы өтті. Біздің облыста 40 ауыл, кент, ауылдық округ әкімі сайланды.

9. COVID-19 - дан қайтыс болған дәрігерлерге ескерткіш ашылды.

10. Қызылордада «Тұғыры биік Тәуелсіздік» республикалық ақындар айтысы болды.

11. Токио олимпиадасы: Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын бокстан әлем чемпионатының жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаева табыстады. Олимпиадада ол қола медаль иегері атанды.

12. 10 жылда бір өтетін Халық санағы болды.

13. Тамыз айының басында Қазақстанда халық саны 19 миллионға жетті.

14. Қызылордада жерленген Корея генералы Хон Бом Донның сүйегі отанына қайтарылды.

15. 1 қыркүйекте ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауы жарияланды.

16. Қызылордада «Жырлансын, Тәуелсіздік жыр бұлағы» сыр сүлейі Кете Жүсіп Ешниязовтың 150 жылдығына орай республикалық жыршы-жыраулар байқауы өтті.

17. «Қызылорда-Жезқазған» жолын салу туралы шешім қабылданып, оның құрылысы Қызылордадан басталатын болды.

18. Сыр диқандары күріштен 500 мың тонна өнім жинады.

19. Бір жыл ішінде 609 мың шаршы метр тұрғын үй берілді.

20. «Сыр журналистикасының тарихы» 5 томдығы және «Сыр өңірінің фольклорлық антологиясы» атты 3 томдық жинақтың 1-ші томы «Жанқожа батыр» деген атпен жарыққа шықты.

21. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мерекесінде Сыр еліндегі ауқымды жобалардың бірі – Шыны зауыты іске қосылды. Кәсіпорын жылына 197,1 мың, тәулігіне 600 тонна өнім шығарады.



● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ТҰРАҚТЫЛЫҚ – ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ



Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ҚМДБ-ның облыстағы өкілі, «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің бас имамы Болатбек Әбуовпен кездесіп, атқарылған жұмыстар барысын тыңдады. Кездесуге облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет пен бірқатар басқарма басшылары қатысты.

Облыс әкімі Тәуелсіздік жылдары атқарылған жұмыстарды атап өтіп, діни ахуалды тұрақты ұстау бағытында алдағы міндеттер туралы ой бөлісті.

– Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойымен барша мұсылман қауымын құттықтаймын. Облыс тұрғындарының, оның ішінде мұсылман жамағатына діни-руханияттық тұрғыда жетекшілік жасап, егемен елдің тұрақтылығын сақтаудағы еңбектеріңізді жаксы білеміз.

Өздеріңізге белгілі, Тұңғыш Президент-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Елдік-

тің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығында Тәуелсіздіктің мән-маңызы мен кадр-касиеті барынша ашып көрсетілді.

Ең бастысы, Елбасы мақсат тұтқан мықты әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу жолында отбасы мен салт-дәстүрді – қоғамның алтын дінгеі, ұлттық мәдениетті – халқымыздың рухани тірегі, білім мен еңбекті – бақауатты өмірдің кілті етуде Мұсылмандар діни басқармасының облыстағы өкілдігі өзіңіздің жетекшілігіңізбен қалыптасқан үрдістердің жаңарған, жаңғырған

үлгісін енгізіп, бұдан да зор жетістіктерге жетеді деп сенеміз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атағандай, ғасырға татитын азаттық жылнамасының тұтас дәуірін тарих қойнауына құрметпен шығарып салып, мемлекеттігімізді одан әрі нығайтып, халқымыздың әл-ауқатын арттыра түсуге жана міндеттерді айқындайтын төртінші онжылдық бастауынан үлкен үміт күтеміз, – деді облыс әкімі.

ҚМДБ-ның облыстағы өкілі, «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің бас имамы Болатбек Әбуов өңірде діни ахуал тұрақты екенін тілге тиек етіп, қайырымдылық шараларын өткізу, ақпараттық-насихат жұмыстарын жүргізу бағытында бір жыл ішінде жасалған жұмыстарды атап өтті. Мәселен, қайырымдылық бағытта «Ел үлесі – пәтерге» жобасы аясында

11 пәтер беріліп, «Үміт сыйла сәбіге» жобасы арқылы 48 отбасы жәрдем алып, 28 іс-шара атқарылған. Ал, «Тайқазан», «Берекелі Рамазан сыйы» жобасы негізінде 4256 отбасы азық-түліктен көмек алған. Жалпы әлеуметтік сипаттағы осындай жобалар арқылы 3 мыңға жуық отбасыға жәрдем берілген.

Кездесуде облыс әкімі Болатбек Әбуовке кейінгі кездері индеттің жаңа вирустық штамдарының пайда болуына байланысты мешітке келетін жамағаттардың жұма намазы уақытында қауіпсіздіктік және арақашықтық сақтау мәселелеріне жете мән беру қажеттігін қаперге салды.

Айта кету керек, тәуелсіздік жылдарында өңірдегі 14 мешіт саны 179-ға жетті.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

● МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ ИЕСІ

Тақырып айтып тұрғандай, кейіпкеріміз дәл осылай әңгімесін бастаған. Былтыр ғана қала әкімдігінің шешімімен «Жыл меценаты» атанған оның туған ауылға да, кәсібін кеңейткен қалаға да жанашыр ісі көп. Бала күнінен қара жұмысқа жегілген ол мектеп бітірген жылдары қойшыға көмекші болыпты. Әрекеттен берекет болатынын ұққаны да осындай еңбексүйгіштігінің арқасы шығар.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Көмектесе біл, кемдік көрмейсің

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мерекесіне орай «Ерен еңбегі үшін» медалін кеудесіне таққан Талғат Жұматов – Шиелінің тумасы, анығы, Телікөл ауылынан.

– 1979 жылы ауылдағы мектепті бітіріп, бір жыл қойшыға көмекші болдым. Келесі жылы Жамбылдағы гидромелиоративтік-құрылыс институтына түсіп, бес жылдан соң «Құрылысшы» мамандығын аяқтадым. Жастай еңбекке араласқандықтан шығар, қай жұмысымды да өте ыждағаттықпен атқарып келемін. Жоғары білім алған соң «МұнайТехСервис» деп аталатын мекемеде 2 жыл жұмыс істегенім бар. Тәуелсіздіктен кейінгі жағдайды өзіңіз де білесіз, нарыққа бейімделіп, жеке кәсіп бастауды ұйғардым. «Олжас» ЖШС осылай өмірге келді, – дейді белгілі кәсіпкер Талғат Жұматов.

Мұнай өнімдерін сатуды қолға алған Талғат 1998 жылы облыс орталығында алғаш рет жанармай құю бекетін ашыпты. Содан бері кәсібін кеңейткен ол 60-тан астам адамды тұрақты жұмыспен қамтыған. Бүгінде серіктестікке қарасты 5 газ құю және 5 жанармай бекеті бар. Барлығы қала ішінде орналасқан. Сондай-ақ кәсіпкердің өзі туған ауылының мандайынан асылтұқымды ірі қара мен жылқы басын көбейтіп, атакәсіпті де жаңғыртып жүр.

Жұртқа жақсылық жасаудан қашпайтын кәсіпкер «өз ісімің алға басыуна осындай әрекеттерім көп көмегін тигізді» деп ағынан жарылды.

– Әлеуметтік көмек беру жағын айта бергім келмейді. Сіз мамандығыңызға қарай жауап бергенімді қалап отырсыз, – деп күлген ол бүгінге дейін атқарған жұмыстарын еске алды.

– Екі мыңыншы жылдардың басында мүмкіндігі шектеулі жандарға көмектесуді бастадық. Оларға жұмыс көзін ұйымдастырып, шағын пәтерден жиһаз құрастыратын шеберхана, компьютерлік қызмет көрсететін орталық аштық. Туған ауылым – Телікөлдегі



мешітті күрделі жөндеуден өткізіп, орталық көшеге жол төседік. Өзім оқыған мектеп ауласына спорт алаңын, ауыл ішіне субұрқақ салып, саябақ жасалдық. Мойындау керек, нағыз мұқтаж жандар арамызда жетерлік. Балалары, өздері созылмалы аурудан қиналып жүргендері бар. Олардың барлығына қаржылай жәрдем береміз. Расын айтсам, жоқ жерге барымды апарсам, менің кәсібім де алға басады. Сондықтан ұдайы халық ішінде қолдау көрсетер шара болса, қалыс қалмауға тырысамын. Өзіме де жні айтатын бір сөзім бар. «Көмектесе біл, кемдік көрмейсің», – дейді ол.

Талғаттың айтуынша, кей-кейде нағыз мұқтаждан бөлек, әр жерден көмек сұрауды кәсіп еткендер де бар. «Қоғам ішіне сіңіп бара жатқан мұндай жаман қылық кейін дертке айналып кетпесе екен» деп қынжылады.

Иә, ол кешегі пандемия кезінде бірнеше оттегі аппаратын алып, қала ішіндегі ауруханаларға сыйға тартыпты. Жедел жәрдем көліктеріне 7 тонна жанармай беріп, олардың қызметінің тоқтамауына да септігін тигізген. Биылғы қуаңшылықта Аралдағы төрт түлікті шөппен қамтуға бір миллион теңге қаржы бөлені бар.

Ердің жасы елуге келген Талғат Жұматов – төрт баланың әкесі. Тәуелсіз Қазақстанның өркендеуіне септігін тигізер бір сала – кәсіпкерлік болса, ол осы жолдағы жүкті арқалап, ауыл мен қала жұртына әлі де пайдаланып тигізіп келеді.

Суретті түсірген
Н.НҰРЖАУБАЙ

Жыл қорытындысына арналды

А.Тоқмағамбетов

атындағы қалалық мәдениет үйінде жыл қорытындысына арналған салтанатты жиын өтті. Мерекелік жинаға облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, қала әкімі Ғанибек Қазантаев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сұлтанбек Тәуіпбаев және жергілікті тұрғындар мен қала қонақтары қатысты.



Салтанатты шарада қала әкімі Сыр жұртшылығын Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, атқарылған жұмыстар мен жеткен жетістіктерге тоқталды.

– 2021 еліміз үшін үлкен жетістіктерге толы жыл болды. Жаңа заманауи ғимараттар бой көтеріп, нысандар салынды. Мемлекеттік бағдарламалар аясында жол жөндеу жұмыстары қарқын алып, көшеге жарық шамдар орнатылды. Балалар

ойын алаңдары пайдалануға беріліп, білім ұялары күрделі жөндеуден өтті. Республикалық, облыстық және қалалық бюджеттерден бөлінген қаржыға халық игілігі үшін қажетті жұмыстар жасалды. Қала көлемі ұлғайып, халықтың саны артты. Жаңа аудандар мен әлеуметтік нысандар шаһар шырайын арттырып, экономикалық әлеуетіміз дамыды. Сырдың сол жағалауын игеріп, қала халқы жаңа да, жайлы баспанаға қол жеткізді.

Бұл – Сыр жұртшылығының ынтымағы мен бірлігінің, бізге артқан сенімі мен қолдауының арқасы. Сүйікті қаламыз болашақта бұдан да биік белестерді бағындыра береді деп сенемін. Жаңа жыл әрбір шаңыраққа шаттық қуанышын ала келсін. Айналамыз аман, төңірегіміз түгел болсын, – деді қала әкімі.

Жиында жылдағы дәстүрге сай ел дамуына, қаланың әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне өзіндік үлес қосып, әр салада табысты еңбек

етіп жүрген бірқатар азаматтар «ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл», «Халық алғысы» медальдарымен марапатталып, «Қызылорда қаласының құрметті азаматы» атағын және «Жыл үздіктері» номинациясын иеленді.

Шара қорытындысында жергілікті өнерпаздар ән-жырдан шашу шашып, кеш қонақтарына мерекелік көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

2022 жылдан бастап не өзгереді?

Тағы бір жылдың парағын жауып, жаңа белеске қадам бастық. Жаңа жыл – әдетте, жаналықтар мен игіліктер күтілетін кезең. Біз жылдың алғашқы нөміріне алда болатын жаналықтар туралы топтама әзірлеген едік.

АЕК МӨЛШЕРІ

Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-кон комитетінің облыс бойынша департаменті басшысының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары А.Маханова ұсынған мәліметтерге сүйенсек, бүгіннен бастап:

- Айлық есептік көрсеткіштің мөлшері (АЕК) – 3063 теңге;
- Ең төменгі зейнетақы – 46302 теңге;
- Базалық зейнетақы төлемі – 19450 теңге;
- Ең төменгі күнкөріс деңгейі – 36018 теңге;
- Ең төменгі жалақы – 60000 теңге мөлшерінде белгіленді.

Осыған орай осы жылдан бастап жасына байланысты және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері алынатын мөлшердің 7%-не арттырылады. 2022 жылы тағайындалатын зейнетақы төлемін есептеу үшін ескерілетін табыс ең жоғары 46 еселенген АЕК-тен (140898 теңге) аспауға тиіс.

ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЗЕЙНЕТ ЖАСЫ

Бүгіннен бастап әйелдердің зейнеткерлікке шығу жасы 60 жас 6 айды құрайды. 1962 жылы қаңтар-маусым айлары аралығында туған әйелдер 2022 жылдың екінші жарты жылдығынан бастап зейнетке шығуға құқылы.

ЖӘРДЕМАҚЫ

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының ұлғаюына байланысты көбейтіледі. Оның мөлшері «Қазақстан Республикасында зейнет-ақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес, күнкөріс деңгейінің жаңа мөлшеріне проценттік арақатынаста белгіленеді.

Мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға, қамқоршыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы, I топтағы мүгедекке күтім жасайтын адамдарға берілетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушылардың төлемдері күнкөріс деңгейі мөлшерінің ұлғаюына байланысты арттырылады.

№1, №2 Тізім бойынша (ерекше ауыр және зиянды жұмыс істеген адамдар үшін) мемлекеттік арнайы жәрдемақылар, арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар, сондай-ақ балалар жәрдемақыларының мөлшері АЕК мөлшерінің ұлғаюына байланысты арттырылады.

Балалар жәрдемақысына қатысты, бала туғанда берілетін біржолғы жәрдемақы мөлшері бірінші-үшінші бала туғанда 110846 теңге (2021 ж.) болса, 116394 теңге (2022 ж.) немесе 5548

теңгеге, ал төрт және одан да көп бала туғанда 183771 теңгеден 192969 теңгеге немесе 9198 теңгеге артады.

Бала бір жасқа толғанға дейінгі күтіміне байланысты берілетін жәрдемақы мөлшері тууы кезектілігіне байланысты бірінші балаға 17643 теңге, екінші балаға 20859 теңге, үшінші балаға 24045 теңге,

төртінші және одан да көп бала туғанда 27261 теңгеге құрайды.

4 немесе одан да көп көмекке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын балалары бар көпбалалы отбасыларға мемлекеттік жәрдемақының мөлшері бала санына қарай сараланады.

Сергіз және одан көп баласы бар

отбасыларға әр балаға 4 АЕК мөлшерінде белгіленеді. Атап айтқанда, 4 баласы бар отбасыларға 49100 теңге, 5 балаға 61383 теңге, 6 балаға 73666 теңге, 7 балаға 85948 теңге, 8 балаға 98016 теңге, 9 балаға 110268 теңге, 10 балаға 122520 теңге және әрі қарай, бала санына орай есептелініп төленеді.



Салтанаты артқан Сырдың бас қаласы

Қызылорданың бүгінгі бейнесін отыз жыл емес, кейінгі он жылмен салыстыруға келмес. Көлемі ұлғайды, бірнеше есе өсті десек те болады. Тұрғын саны да артып, төрт тарабында жаңа шағын аудандар бой көтерді.

Сб Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

Келбетіне көз тояды

Бала күні көргенімізде, орталық пен Тасбөгет кентінің арасы алшақ еді. Әл Фараби ауданы мен Жезқазған бағытына түсер жолдағы «Бәйтеректің» мүлде жоқ кезі. Қазір ше? Бәрі басқаша, жаңа аудандар, әлеуметтік нысандар. Айтпақшы, кейінгі бес жылда тұрғын үй салуда облыс арасында Қызылорда көш бастап тұр.

Келбетіне көз тояр зәулім ғимараттар бұрын онша кезікпейтін. Қазір қалаға көрік қосар нысан көбейді. Экономикалық әлеуеттің артуы арқасында Сырдың сол жағалауы игерілді, жүздеген тұрғын үй салынып, жергілікті тұрғындар жайлы баспанамен қамтылды. Бұл – Сыр жұртшылығының ынтымағы мен бірлігінің, ел ағаларына сенім мен қолдауының арқасы.

Елге берекелі болған Сыр жылы да аяқталды. Өткен жылға бажайлап қарасақ, жетістік көп. Облыстың бас шаһары – Қызылорданың даму қарқынында алға басушылық айқын байқалады.

Шаһар маңы шаруашылыққа бейім

Облыс экономикасының барлық салаларында оң өзгеріс бар. Нәтижелі бастама да жетерлік. Мысалы, қала бюджеті былтыр жыл басында 52 млрд теңге көлемінде бекітілсе де, қосымша қаржы тарту арқылы қазына қоржыны 64,2 млрд теңгені құрап отыр. Сондай-ақ жылжабар қорытындымен өнеркәсіп орындары арқылы 509 млрд 231 млн теңгенің өнімі өндірілген.

Мал шаруашылығына мойын бұрғандар саны артыпты қала маңында. Бізге белгісі «Сыбаға» бағдарламасымен төрт шаруашылық «Сырдария-1» несие серіктестігі арқылы 46 бас асылтұқымды сиыр және 1500 бас қой өсіріп отыр. Бұған қоса «Қарапайым заттар экономикасы», «Іскер», «Еңбек» мемлекеттік бағдарламалары бойынша 300 млн теңгеге жуық қаржыға 427 ірі қара, 132 жылқы, 1753 қой, 10 бас түйе сатып алынған.

Қалаға қарасты елді мекендердің көбі атақсіптен бөлек, егін егіп, бау-бақша да өсіреді. Әсіресе, басты дақыл – күріш өсіруден аудандардан қалыс қалған емес. Мысалы, өткен жылы барлығы 8905 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде 4113 гектары – күріш. Қалған 990 гектар – бақша дақылдары, 500 гектар картоп, 1328 гектар көкөніс, 1278 гектар малазықтық пен 656 гектар жерге дәнді дақылдар өсірілген. 40 гектар жер майлы дақылдар үлесінде. Барлығынан өнім жақсы жиналған. Осының ішінде күріштен гектарына орташа өнім 51,7 центнер болса, картоптан 6450 тонна, көкөністен 17397 тонна, бақшадан 13167 тонна өнім жиналды.

Қуаңшылық пен су жетіспеушілігінің зардабына қарсы жұмыстар тоқтаған емес. Егістікті сумен қамтамасыз

етуде шаруашылықаралық және ішкі шаруашылық каналдарынан 86,3 мың текше метр топырақ аршылып, тазартылған. Белкөл кенті мен Талсуат ауылына су айдайтын бір насос, Қосшыңырау, Қызылөзек, Ақсуат елді мекендеріне екі насосстан берілген.

Айта кету керек, былтыр күрішті көшеттеп егу технологиясы тәжірбие ретінде алғаш рет енгізілді. Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты мен «Golden Bridge Turan» ЖШС бірлесіп, жапон технологиясымен 175 гектар жерге Өзбекстанның «Лазурный» және «Искандер» сортын көшеттеп еккен болатын. Сондай-ақ қала тұрғындарын көкөніс және бақша өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында Қарауылтөбе ауылдық округінен 10 гектар жер бөлініп, 87 тұрғын бақша дақылдарын егіп, өнімдерін жинап алды. Ал тамшылатып суару технологиясымен Қарауылтөбеде 4 гектар



Ал «Қарапайым заттар экономикасы» бойынша басымдық берілген жобаларды жеңілдікпен несиелеу арқылы құны 1,2 млрд теңге болатын 7 жоба қаржыландырылған.

Кейінгі онжылдықта елімізде кіші кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік деңгейде бағдарламалар іске асырылды. Сол кезеңде өз мүмкіндігін жіберіп алмай,

Жол-көлік инфрақұрылымын дамытуда жаңа жобалар іске асып келеді. Ұзындығы 75,3 шақырымды құрайтын 117 көшеге 4 млрд 678,3 млн теңге қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылды. Сонымен қатар, биылдан бастап қоғамдық көліктерді субсидиялау жұмыстары жүргізілмек. Бұл ескі автобустарды жеткізіп, көліктердің тиісті

шағын ауданы, «Наурыз» елді мекені, Белкөл кенті аумағына күрделі жөндеу мен желі жаңарту жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, Ж.Маханбетов және «Наурыз» елді мекендеріне ішкі орамды газ құбырын салу жобасы қолға алынғанын айтуымыз керек.

Ең сүйіншілейтін жаңалық – Шыны зауытының іске қосылуы. Иә, көптен күткен зауыт жыл ішінде 197,1 мың тонна табақша шыны немесе тәулігіне 600 тонна шыны түрлерін өндіруге қабілетті. Мамандар пікірінше, бұдан кейін сырттан алатын өнімге тәуелділік азаяды. Зауыттағы барлық жабдықтар әлемнің жетекші елдерінен әкелінген. Мысалы, шыны пеші мен қалайы балқыту ваннасы АҚШ, күйдіру пеші Румыния технологиясымен істелген. Кеуу және құрама шыны цехы Италия мен Финляндияның тәжірибесімен іске асса, өндірістегі азот және сутегі станциясы Қытай елінің заманауи үлгідегі технологиясымен қондырылған.

Зауыт толық қуаттылыққа шыққанда 226 жаңа жұмыс орны, қосалқы өндірістерде 300-ге жуық тұрақты жұмыс орны құрылады. Ең бірінші кезекте жергілікті мамандарға басымдық берілетінін айтқан зауыт басшылығы жұмысшы-қызметкерлерді арнайы оқу курсынан өткізуді де жоспарлап отыр. Демек, жұмыссыздықтан құтқарар осындай ірі жобалар Қызылордада әлі де орнығады деген сенім мол.

Барыс жылынан не күтеміз?

Келген жылдың да еншісінде тірлік көп. Атқарылар шаруалар көбеймесе, азаймайды. Әсіресе, баспана кезегін жылжыту бойынша тұрғын үй салу қарқыны тоқтамақ емес.

Облыс әкімдігі баспана мәселесін шешуге басымдық беріп келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел өміріндегі ең негізгі міндеттің бірі – тұрғын үй мәселесін шешу екенін нықтап айтқаны есімізде. Тәуелсіздік алғалы республикада 169 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Соның ішінде 7 млн шаршы метрден астамы біздің облыста іске асыпты. Түрлі бағдарламалар шеңберінде баспанаға қол жеткізген

тұрғындар қуанышқа кенелді. Басым көпшілігі көпбалалы отбасылар екен. Қала ішінде жаңа үйлердің көптеп салынуы көңілге қуаныш сыйлайды.

«Нұрлы жер» бағдарламасымен тұрғын үй құрылысына және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға республикалық және облыстық бюджеттерден 1 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Оның ішінде әл Фараби ауданына су желілерін тарту, Талдыарал елді мекенінде электр желілері құрылысын жүргізу сынды жұмыстар бар. «СПМК-70» ауданындағы №2 тұрғын үй мен Сырдария өзенінің сол жағалауындағы 50 көпәтерлі №№32, 34 тұрғын үйлердің бас жоспары және абаттандыруына да облыстық бюджеттен қаржы қаралыпты. «Қызылжарма» ауылында да 35 көшенің қиыршық тас жол құрылысы да биылғы жылдың еншісінде.

Облыс орталығын сумен жабдықтауға барлығы 2 млрд 183 млн теңге бөлінді. Биыл осының аясында ағын суды тәулігіне 70000м³-ке дейін тазалайтын биологиялық станция жаңғыртылады. Бұған қоса, бірқатар шеткі аудандар мен кейбір көшедегі су құбыры және кәріз желілері қайта реконструкциялаудан өтпекші.

Қала маңындағы Ж.Маханбетов пен «Наурыз» елді мекеніне газ құбыры тартылмақ. Бұл көптен бері шешімін таппай жүрген мәселе болатын. «Көгілдір отын» тартуға Ұлттық қор және облыстық бюджеттен 2 млрд 438,6 млн теңге бөлініп отыр.

Биыл Талсуатта жаңа клуб салынады. Әкімдік берген мәліметке сүйенсек, 150 орындық мәдени нысанға мемлекет қазынасынан 300 млн теңгеге жуық қаржы бөлінген. Дәл сондай клуб құрылысы «Қарауылтөбе» ауылында да осы шамадағы қаржыға жүргізіледі.

Қаладағы 11 көпқабатты тұрғын үй қайта жаңғыртудан өтпек. Бұған республикалық бюджеттен 555 млн теңгеден асағын ақша бөлінген. Сондай-ақ Белкөл кентінде теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірін салуға облыс қазынасынан және қаладағы Сұлтан Бейбарыс көшесінен Жібек жолы көшесіне дейін «Қызылжарма» каналы магистральды көшесін салу жобасына қаражат қаралған.

Сөз соңы. Тарихи ілгеріден басталатын Қызылорданың даму қадамынан қысқа ғана қайырып бердік. Санамалап айтсақ, мұндай берекелі бастамалар мен жарқын жетістіктер әлі де көп. Болашағы мұнан да жарқын болсын деген тілектеміз.



қызанақ және Қызылөзек ауылдық округінде 8 гектар картоп өсіріліпті.

Қала маңында жылыжай жұмыс істеп тұр. Ақсуат ауылдық округіндегі «Қаз-АгроМир» ЖШС-ның 2,2 гектарды құрайтын автоматтандырылған жылыжайында 320 тонна қияр өндіріліпті. Шыққан өнім қала аумағындағы сауда үйлеріне төмен бағада өткізіліп келеді. Иә, жылыжай демекші, халықтың әл-ауқатын арттыру, ел экономикасын көтерудің бірден-бір жолы – шағын және орта бизнес саласын дамыту. Облыста осы сектор бойынша 50 мыңнан аса кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, 100 мыңнан астам адам жұмыс істеп отыр. Ал қала бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 27049.

Мысалы, қалада «Бизнесің жол картасы-2025» бизнесіні қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында былтыр 17 млрд теңгені құрайтын 875 жоба қаржыландырылған. Аталған бағдарлама бойынша жоба құны 144,3 млн теңгені құрайтын 36 жас кәсіпкерге мемлекеттік қайтарымсыз грант та беріліпті.

кішігірім бизнес бастаған жандар бүгінде кәсібінің көкжиегін кеңейтіп келеді. Кәсіппен айналысу – жеке табыс табу ғана емес, ел мүддесіне, халық ықыласына жұмыс істеу. Ел игілігі жолында есеп еңбек етіп келе жатқан білікті кәсіпкерлер қала ішіндегі көптеген халықтық шаралардан да қалыс қалған емес.

Баспана көбейе бермек

Қызылорда қаласында жүргізілген құрылыстың көлемі 56 млрд 856 млн теңгені құрап отыр. Сыр жылында облыста атқарылған құрылыс жұмыстарының 67,8 проценті бас шаһардың үлесінде. Жалпы ауданы 330460 шаршы метр болатын тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұның ішінде мемлекеттік меншік қаражаты да, жеке салымшылар есебінен салынған үйлер де бар.

Қазірдің өзінде орталықта 149,7 мың шаршы метр болатын 46 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатыр. Бұл 2170 пәтер, яғни осыныша отбасы алдағы уақытта баспана болар деген сөз.

уақыт аралығында халыққа үздіксіз қызмет жасауына оң септігін тигізеді деген үміт бар.

Қаланы аяқсуден қамтуда да ілкімді іс көп. Былтыр жерасты су ұңғымаларын салу арқылы суландыру жүйесін реттеу басталған еді. Соның аясында екі ұңғыма іске қосылса, қалған 26 ұңғыма биыл пайдалануға берілмек. Бұл арқылы шаһарды көркейту-көгалдандыру мәселесі оңтайлы шешіледі.

Өткен жылы тұрғындарға қолайлы жағдай жасау, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту үшін 4 млрд 591,3 млн теңге бөлініп, Сырдария сол жағалауындағы №4, 5 квартал учаскелеріне абаттандыру, электр, сыртқы инженерлік, жылу желілерімен жабдықтау жұмыстары жүрді. «Бәйтерек» шағын ауданындағы көпбалалы отбасыларға арналған үйлердің инфрақұрылымы толық аяқталды.

Тағы бір қуаныш, «Сабалақ» саяжайына ауызсу жүйесі тартылып, халық таза ауызсуға қол жеткізді. Қаланың шет аумақтарын электр желілерімен жабдықтау да тоқтамайды. Мысалы, әл Фараби, КБИ және Титов



Суреттерді түсірген Нұрбол НҰРЖАҒЫЙ

● СЫР-СҰХБАТ

Топшымды бекіткен топыраққа

Таланты, дарыны, іскерлігі, мықтылығын халық әлдеқашан мойындап қойған беренің бірі – белгілі ғалым, Сыр бойының ән, күй, мақам мұрасын ғылыми негіздеп, жоғары оқу орны бағдарламаларына енгізген фольклорист, этномызыкатанушы, эпикалық жыршылық дәстүрдің қайталанбас өкілі, дәулескер домбырашы, кәсіби әдістемелік тәсіл қалыптасқан маман педагог, «Қазақстандағы этностардың музыкалық мұраларын» 3 тілде сөйлетіп, қос томдық антология етіп жарыққа шығарған еліміздегі бірден-бір маман Берік Жүсіпов.

Берік Мырзалыұлының Қазақ радиосының Алтын қорында «Мирас», «Кәнекей, тілім, сөйле» атты 100-ге тарта авторлық бағдарламасы сақталған. «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының, халықаралық ТҮРІКСОЙ-дың «Мұрагер» сыйлығының лауреаты. Елбасы, Ресей Федерациясы Мәдениет министрінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Филология ғылымдарының кандидаты, өнертану бойынша доцент. Консерваторияның «Құрметті профессоры». Дәріс концерттермен Германия, Бельгия, Қытай, Нидерланды корольдігі, Түркия, Америка, Иран, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттерінде болған.

Б.Жүсіп 300-ге тарта ғылыми, танымдық мақала, «Мырзастағы жыр мектебі», «Жиделі Байсын күйлері», «Күретамыр», «Жырдария», «Ойтумар», «Сүлейлер», «Адырна», «Эпикалық жыршылық дәстүр: репродуктив-туындатпа, креатив-шығармашылық егіз қосарлану мәселесі» атты зерттеу еңбектер жазған. «Сыр сүлейін сұрасан», «Маңғыстаудың музыкалық мұрасы», «Қайталанбас дауыстар» (қазақ, орыс тілдерінде) сияқты музыкалық антологиялардың авторы, ғылыми-танымдық, көркем қойылымды «Жырау», «Қаһарман», «Ақшатауды асқақтатқан асыл рух» фильм-портрет жобаларының жетекшісі.

Біз бүгін Берік Мырзалыұлымен сыр-сұхбатты ұсынып отырмыз.

– Беке, екеуара әңгімеміздің кейінгілер үшін мәнді дүние болатынына сенемін. Сіздің түп негізіңіз – ата-бабаңыз өсіп-өнген жері Арал өңірі екенін көпшілік біледі. Дегенмен жалағаштық ағайындар да, «Ой, ол біздің Берік қой!» деп өзіңізбен мақтанады. Ал енді екі ауданның төл перзенті ретінде қай жағына бүйрегіңіз көбірек бұрады? Әңгімені осыдан бастайықшы.

– Жасыратыны жоқ, Арал – кіндік қаным тамған, ата-бабамның асыл сүйегі қалған жер. Алайда Жалағаш – топырағының нәрі мен сөлін берген, алау шағым өткен, әкжелең күннің бедер, белгісі қалған, өскен жерім ғой. Оның үстіне өмірдегі кимастарым мәңгілік байыз тауып жатқан қасиетті күрөң топырақ жайында не деуге болады? Сондықтан да мен қос аудан үшін «төл» перзенттен гөрі төл перзент санатына жататын шығармын.

Адам баласы әуелі Алланың бұйрығымен, содан соң ата-ананың ықпалымен жарық дүниенің дидарын көреді. Сол екі асылдың қайсысын жанына жақын тұтып, айырып жақсы көруге болады? Бұл тұрғыдан келгенде Арал – әкемдей, Жалағаш – анамдай! Бәлкім, бұл тенеуді керісінше қолдануға да болатын шығар. Жаратқан иенің пендесін екі бүйрекпен жарылқанына шүкір. Жалғыз болса қайтер едім, бір жағына тартып кетуі де мүмкін ғой. Сол үшін де бізді қос енені тел емген арда қатарына қосса да, екі кемпірдің ортасында шалқып өскен ерке балаға теңгерсе де әркімнің еркі өзінде. Әйтеуір екіжақты болып кеткен ештеңе жоқ. Туған жер, өскен елім жайындағы жалтағы жоқ, әсіре мақтаусыз сөзім керек десең, осы.

– Жалағаштың киелі сахнасы талай талант пен дарынды түлеткені білеміз. Сізді де өнер айдынына қанат қақтырған осы сахна емес пе?

– Иә, менің алғаш шыққан пірлі сахнам – Жалағаш аудандық Мәдениет үйінің төрі. Марқұм Мақашу – Мұхамедияр Әбжанов №202 орта мектеп директоры Әли Еркебаевты арнайы іздеп келіп, рұқсатын алып, мені аттай қалап, сұрап алып кеткені есімде. Сол күннен бастап біз аудандық «Алтын арай» ән-би ансамблінің құрамында аудан мен облыс көлемінде өнер көрсете бастадық. Ел өнерінің тұтқасын ұстаған Тынымбай Мәдиев, Жұмабек Аққұлов, Жұма Данилов, Қали Ыбыраев, Рәш Отызбаева, Мәлік Сыздықов, Төребек Бақтыбаев, Роза Боранбаева, Жорабек Смайылов, Николай Цой, Галина Хигай сияқты мықтылармен сахналас болдық.

Ол кезде ұжымда кәріс ұлтының өкілі көп. Қарақұмға, малшы қауымға концерт қоюға жиі шығамыз. Рульде Феруза Кенжебаева апамыз. Алыс шақырымдарды өңсеріп, қара жолдың шаңын будақтатып келе жатады. Шалғайда жатқан шопандарға жеткенше, одан елге қайтқанша, арамызда неше түрлі әңгіме, анекдот, бір сөзбен айтқанда бітпейтін күлді-думан, риясыз ойын-сауық. Аудандық көркемөнерпаздар ұжымының концерті біткен соң, кешкі қонағасы үстінде де еңбекші қауым тағы да өнер көрсетуді сұрайды. Енді кәрісінді қайтсін, оларға мақпал мақаммен сылқылдатып соғып отыратын Сыр сүлейлерінің сөзі қажет. Ақ домбыраны бауырга алып, шартта жүгініп отырып мен кірісемін. Содан таң қылаң бергенше жырлайсың. Сол кездіңөзіндебіркүн, біртүнді бүктейтін репертуарым бар еді. Томағамды алып топқа түсіп, алқаға жыр айтуым осы кезде басталды. Шамамен 8-9 сыныпта оқимын. Әлгіндей сапардың біріннен кейін Қарақұмнан бір жүк көлігіне 20 бас жандық тиіп, 1 тайлақ артып жіберді. Бұл – мен жыр айтқан шаңырақ иелерінің «жырау балаға» сүлейлер рухы үшін атағандары еді. Зейнеткер ата-анамды сөйтіп бір шала «байытты» тастағанмын.

– Сіз осы өзіміздің Елненем құрдас емессіз бе, бұл қарындасымыз да қазір елдің мақташынына айналды. Екеуіңіз де үлкен өнерге Жалағаштан қанат қақтыңыздар-ау?

– Әрине, қазақ өнерінде Еленаның

орны бөлек қой. Жалағаштық оқушылар арасында құрдасым һәм өнердегі жақаттасым әнші, акын, композитор, ғалым Елена Әбдікалықова екеуімдің атымыз қатар шықты. Сол кездің өзінде Елена аудандық «Жанадария» газетіне мақала жазып тұратын. Менің республика жұртшылығына танылуым акын Фариза Оңғарсынова басқаратын «Пионер» журналына өнерім жайында акын Айсұлу Рүстемова жазған мақаладан кейін басталды. Ол кезде аудандық комсомол комитетінің төрағасы Тұрсынбек Тұрлашев ағамыз сыныптасым Әлиакбар екеуімдің «оқушыға сай емес қылық жасап», досым тәртіп сақшыларының қолына түсіп, комсомол қатарынан шығарған «ауыр жазаны» кешіріп, комсомол билетін қайтып берген уағы. Соның алдында ғана Елена, Әлиакбар үшеуімз облыстық комсомол жастары айтысына қатысып, өз бағытымыз бойынша жүлделі бірінші орынды алып, дүрілдеп тұрған шағымыз ғой. Қайран, жастық десенші!

1987 жылы Жалағаштан тура Алматы мемлекеттік консерваториясына жол тарттым. Соның алдында бір жыл бұрын ауданға халық мұрасының жанышыры, Сыр бойы фольклорының жинаушысы Мардан Бәйділдаев келіп, 60 жылдық мерейтойы туған ауылы Аққошкарда аталып өтіп, маған Алматыға келу жайында кеңес беріп, ерекше ықылас танытып кеткен. Сол сапарда акын Сағи Жиенбаев, Иранбек Оразбаев, Қомшабай Сүйенішевтер тілекестігін білдіріп, ақ жол тілеген. Сөйтіп, жыр жамылған Жалағаш біздің қанатымызды қатайтып, белімізді буып, шет-шегі жоқ өнер мен ғылым



Содан кейін тағдыр дегеннің әуелде пешенеге жазылатынына сенбей көр. Жалпы маған дүние есігін ашқанда Сыр бойының әдебиеті, фольклоры, музыкалық мұрасын жүйелеуге орай ерекше бір аманат жүктелген болу керек. Әйтпесе табиғи қабілетімді басқа салаға бағыттаса менен тәп-тәуір дәрігер, білікті ауыл шаруашылығы маманы, экономист немесе зангер де шығуы мүмкін еді. Осы саладағы ғылым түрлеріне тер төксем де елге пайдам шаш етектен болары сөзсіз. Өйткені, аталмыш саланың қай-қайсысына да кет әрі емеспіз. Бейімділік дегенді содан байқаймын. Бірақ амал қанша, біздің тағдырымызды мүлдем басқа арнаға бұрған Алланың құдіретіне не шара?

– Сонда балалық, бозбала, жігіттік кезеңде осы кәсіппен, фольклортану ғылымымен айналысамын деп өзіңізді дайындадыңыз ба, Беке?

– Жоқ, фольклортану, этнография,

алтынға айырбастағысы келмейтін кездері болады екен, Түреке.

Күн санап солардың тылсым әлеміне сіңе бастадық. Оған өзім сондай қайыл болдым, сол сырға малшынан рақат әлемнен шыққым келмеді. Сөйтіп жүріп балалықтың не екенін түсінбей қалдық. Мұным «балалығым, шалалығым болған жоқ, елден ерекше едім» деген сөзім емес, әрине. Қателігім Қап тауынан да зор, білместігім Оман дариясынан да терен. Амал қанша, енді не айтқанда оның қайтып оралмайтын күндер қатарына өтіп кеткенін жақсы білемін. Енді тек іштегі бүкпені ретіне қарай сыртқа шығарудан басқа амал жоқ, Сыр бойының күрөң топырағы бізді шалдар киген көнетоз шапанның шалғайына салып өсірді. Ол кезде мен мына жарық жалғанында солардың айтқан сөзі, салған әні, тартқан күйі, толғаған жыры, мөлдіретіп иірген мақамынан артық қызық пен байлық бар деп ойлаған жоқпын. Оны ажырата алатын халде де емес едім. Біздің балалық шақтың дарига-дәурені осылай өтті.

– Беке, бұл өзі дерт қой, иә? Кәділгі, өнерге шын ғашық жанның дерті емес пе?! Ғашықтар дүниеден безіп, ынтызарының соңында боз кешіп кетеді екен. Сізге де бұл дерттен арылу үшін бір әрекет жасау керек болған шығар?

– Шежіре, жырга деген шәлімді басып, мейірімді қандыру үшін 12-13 жасыма ел аралап, фольклор жинауға бекіндім. Әкем марқұм бір зейнетакысына «Романтик» деген магнитофон сатып алып берген. Жұрттың баласы сондай техниканы би алаңына сүйрелеп, итіңдеген бірденелерді тындап жүргенде, біз қайда, қандай кемпір-шал бар десе, солардың есігін тоздырып, балалық қуат көзінің нәрін мұра жинауға жұмылдырдық. Сақалы белуардан келетін сол жарықтықтар мені жатырқаған жоқ, керісінше, туған баласына айтпаған сыры мен шынын менен аямады, аппақ пейілдерін тосты. Қиялымының бір бұрышында білімге қатысты бұлыңғыр бірдеңе жылт ете қалған күннен бастап фольклор жинауға құнығуым үдей түсті. Дұрыс па, жоқ па, ажыратып жатқан мен жоқ, басы-көзіне қарамай жинай бердім. Сөйтсем, Алла өзі пендесін бағыттап отырады екен ғой. Сол бала күнгі жиған-терген материалдарым әлемдік фольклортануда қалыптасқан мұра жинау мен қолжазба хаттау заңдылығының ізінен онша ауытқи қоймапты. Әлгіндей түйсігіме кейін өзім де таңғалдым.

– Біздің ауыл – Аққыр жақтағы Байнияз, Жанатаптағы Абай, Матай, Мәлік, Мәдениеттегі Қытарбек ақсақалдардың дауысын бұрын-соңды таспаға түсірген ешкім болмады. Жарықтықтар, таңды таңға ұластырып жырлайтын еді-ау. Біздің ауылға Қармақшыдан Шамшат апамыз келіп, үйге түсіп, бір түн жырлағанын көзім көрді. Сол жыршыларды ауылдағы еті тірі ағаларымыз баяғы совет заманындағы столдың үстінде тұратын үлкен магнитофонға жазып алып жүретін. Ондай құрал екінің бірінде жоқ, санаулы ғана үйде болатын. Бірақ солар жазып алғандарын кейін іске асыра алды ма, жоқ па, білмедім. Әр жерде қалды-ау, шамасы. Көзі кеткесін, балалар қайтсін ондайды.

– Түреке, бұл Жалағашта менің бармаған жерім, баспаған белім, дерек алмаған адамым сирек. Сол Аққырдағы Байнияз Желдербаев, Жанатаптағы Абай Әлішбеков, Матай Ғаниев, Мәлік Тоғызбаев, Мәдениеттегі әйгілі Дәуімшар бидің жиені Рахмет пен Қытарбек (Сары), Таңдағы Әубәкір Есжанов, Қаракеткендегі Жадырасын Тасбергенов, Жәніс Нұрбаев, Калининдегі Құлмұрат Мысатаев, Әбжан Шарапов, Аққұмдағы шежіреші Әл-меш, Ібан Аралбаев, Бәйділда Сәрсенов, Сұлтанбек Ысқақов, Жалағаштағы Сақып Әбжанов, Мырзағали Ақжолов, Мырзаш Итемғенов, Серік Қанзадаев, Гәзденбек Қуанышев, Коммунизмдегі Мылтықбай Ақмырзаев, Ақсудағы Әлмеғамбет Ахметов дейсіз бе, міне, осылар айтқан сан түрлі дерек пен солар орындаған ән, күй, мақам үлгілерін толық таспаға түсірдім. Бұл – тек Жалағаш ауданы бойынша бала күнімде жазып алғандарым ғана. Кейін Қызылорда облысының қалған 6 ауданы, студент кезімде Қазақстан толайым, көрші Қарақалпақстан, Өзбекстан, Түркіменстанды аралап жеке экспедиция жұмысын жүргіздім. Оған қоса Қазақ радиосы, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Орталық Ғылыми кітапхана, Орталық Мұрағат қорында сақталған материалдарды ел ішінен жиналған мұрамен беттестіріп, әбден елеп, екшеп, кереметті толық көшіріп алдым. Консерваторияда оқып жүрген жылдары соның денін санаға сіңіріп, жүрекке жазып, жадқа алумен айналыстым. Несін айтасыз, мұра жинау, оны іске асыру оңай шаруа емес.

– Мына әрекетіңіз ғажай екен. Аудан, облыс, еліміздің сан қиыры, көрші мемлекеттер... Бұл не сонда, Беке, жанкештілік пе әлде өлермендік пе?! Таңданыстан туған сұрақ қой. Бір ұққаным, өнер мен ғылым жолында өзіңізді аямағаныңызды білдім. Әйтсе де, қазаққа тек деген ұғым бар емес пе? Жеке басыңызды ешкім кеміте алмас, дегенмен түп негізіңізде де үлкен қасиет болып тұр ғой, сіра?

– Атаның қаны, ананың сүті арқылы келетін тұма бастауы тұнық болмаса, бәрі бекер. Шешем Ұлмекен Еркеғұлқызы Кішкене Жолшараның Ашабай тармағының қызы еді. Нағашы жұртым байғеге бұқа қосып, бірінші келтірген Қабыл бастаған атақты «Сегіз Қасқа». Түп нағашым Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Қан мен тер» трилогиясындағы Қален – барымташы Мұраттың Көптілеуі һәм сол Әббәңнің өзі. Өз екем Мырзалының ескіден хабары мол болды, әкесі Жүсіп ағайынның дау-шарына араласқан, билігіне жұрт жүгінген ақсақал. Оның әкесі Жакып Өтеулі баласы – бәби Тілеулес ишан Нұрпейісұлымен бірге Түркістанда пірге қол берген соғы. Оның әкесі Өтеулі Қонырұлы – төрт түлгіі тең өскен, қауқарлы қазақ. Асыл сүйегі Кіші Аралдың бойында, Көкаралдың жонында жатыр. Сол төңіректегі үлкен қорым өз бабамның есімімен аталады. Арғы тегім Бәйімбет Көгісұлы – Шектінің старшыны, Әбілхайыр ханға қызмет жасаған, Кіші Орданың елшісі Құтлымұхаммед Тевкелевпен тамыр болып өтіпті жарық жалғаныңнан. Тарихи бейнесіне жазушы Әбіш Кекілбаев «Үркер» романынан ойып орын берген. Жұрттың қалай қабылдайтынын білмедім, Аллаға аян, өзіме белгілі шыққан сойымыз осы! Бойымдағы қасиеттер жынтығын іздесеніз тірелетін нүктені сол төңіректен табасыз.

– Сыр бойының жыршылық, жыраулық өнерін сізден асырып зерттеген ешкім жоқ десем қателеспеймін-ау. Бұл жайында монографияңыз, бірталай зерттеу, тармақты мақалаларыңыз жарыққа шыққанын білеміз. Кейін докторлық диссертация жаздыңыз. Сыр бойында қалыптасқан жыршылық мектептер басқа өңірден несімен ерекшеленеді? Сыр бойындағы қазіргі жыршылық өнердің бағыт-бағдары, дегейі қалай, жалпы бұл саланың көрнекті өкілдерінен кімді айтар едіңіз?

– Сыр бойында қалыптасқан жыршылық өнердің басқа өңірлерден айырым ерекшелігі көп. Түркі-моңғол жұртындағы эпик жыршыларға тән күнренген бурдон дыбыс пен қобыз аспабының арасындағы келісті үйлесім Сырдың қобыз үнді жырауларына әсер еткені анық. Басты ерекшеліктің бірі – осы. Мен сол қобыздағы бурдон дыбыстардың түрлі бағытта шашырай тарамдалуын көмейдің құмығыңқы үні арқылы дүниенің жаратылу актысын сипаттайтын керте ретінде көрсеттім.

Әрине, бұл үлкен жұмыстағы шағын ғана мәселе. Десе де, бізге дейін әлгіндей үдерістен пайда болатын ішек тербелісіне дауысын қосқанда кеністікте шиыршық атып, шашырай бұралатын алабеттен негізді, сол арқылы көрініс табатын қыл ішек пен көмей тілдің табиғи түрде өзара кірігуінен пайда болатын бурдон феномені Сыр бойындағы жыршылық дәстүрмен байланыста көрсетілген жоқ. Сыр бойы мақамдарының екінің біріншің ұрына көне бермейтін ерекшелігі де осында ғой. Олай болса, мұны жете зерттеп алмайынша, Сыр бойы жыршылық өнеріндегі генезис, антогенез, фило-



жолына елдің батасымен шығарып салған. Мен сол үшін де қайран Жалағашты ерекше жақсы көремін. Құрметім де солай, топшымыз бекіткен күрөң топыраққа тәу етуден бір таңған емеспін. Лайым солай бола бергей!

– Беке, облыста үлкен бір саланың басшысы болдыңыз. Мені бір қызықтырғаны, сонда бір байқалған жайт қатарыңыздан әлдеқайда ересек көрінесіз. Болмысыңызда заманның жаналықтары мен «жақсылықтарына» қарағанда көнекөздерге деген құрмет сезіліп тұрады. Бұл атаның қанымен, тәрбиесімен, ананың ақ сүтімен байра сіңген қасиет пе, әлде басқаша бір себептері бар ма?

– Жасыратыны жоқ тым ерте есейдік, оған себеп көп. Заманның жаналықтары мен жақсылығынан да кенде қалған жеріміз жоқ. Бізді өнерде де, ғылымда да новатор қатарына жатқызатынын білетін шығарсыз. Бірақ біздің бойымызға біткен қасиеттің әуелдегі асыл төсегі ескі. Ол енді пенденің қалауымен болатын заттық сипаттағы нәрсе емес деп ойлаймын.



тау етуден танған емеспін

генез, футурогенез дегендерді түсіну киын. Біз осы үдерістің Сыр бойы жыршылық дәстүрімен қалай бетпе-бет келіп, шешім тапқанын ажыратып бердік.

Сыр бойындағы бүгінгі жыршылық өнердің бағыт-бағдарын сынар ауыз сөзбен түйіп айтсақ, қазір бұрын-соңды болмаған соны құбылыс – сахналық өнер шеруі желкен керді. Жыршылықтың төлқұжаты болып саналатын көне жырларды қамтыған байырғы жыршылық репертуар да, оның тыңдаушысы да құрдымға кетіп бара жатыр. Мен ол үшін заманауи жыршыларды жазғыра алмаймын. Бұл – әлемдік үдеріс. Бірақ тап осы кезде «бізде бәрі жақсы, жыршылық дәстүр дамып келе жатыр, оқу орындарынан кафедралар ашылуда...» деп, өтірікті шындай, шынды Құдай ұрғандай етіп жалған сөйлеудің қажеті жоқ. Тірі ағза үшін жан тапсыру оңай ма? Бұл – суға кеткен жанның тал қармауындай ғана әрекет. Қазір жыр, терме өнерін, макам үлгілерін түрлі дәрежеде насихаттап жүрген Айбек, Арнұр, Серік, Амандық, Ұлжан, Айгерім, Ақмарал, Руслан, Майра, Бисенбек, Берік, Эльмира, Марат, Күнсұл, Мұхамедәлі сияқты сахнагер өнерпаздар бар. Осылардың ішіндегі эпикалық қарымы кең, байырғы эпикалық жыршылық санатқа толық жауап бере алатыны Алмас Алматов. Ал көненің көзінен қалып тұрғаны жыршы Бидас Рүстембеков, термеші Жұмабек Аққұлов, әнші Әлмырза Ноғайбаев.

Қазіргі адамның жанын қолына, яғни сағатына байлап қойған ғой. Тыңдаушының салалы жырларды бастан-аяқ тыңдап, әңгіме сапырып отыруға уақыты жоқ. Сананы да, тұрмысты да техногенді өмір салт жеңіп, күнделікті өмірімізге үстемдік орнатып болған. Сол үшін ендігі көп қисынның тізгінін ғылымға, осы сала мамандарына ұстату керек. Жыршылық коммуникация жүйесін жедел түрде өзгерту керектігі жайында екі күннің бірінде зар қағып айтып отыратынымыз сондықтан. Алайда ғылымның сөзі жанға жайлы сылқылдақ жыр емес. Кейде оның мүлдем қатқылтым болуы да ықтимал. Оны жұрттың бәріне бірдей майдай жағалды деп тағы да өтірікші бола алмаймыз. Сол үшін біздің жұртқа таңдау жасау қажет. Көлгір сөйлеп, бір-бірімізді жорта мақтап, осы барымыздан да айрыламыз ба? Жоқ, әлде шындықтың бұжыр бетіне тура қарау арқылы байырғы жыршылық дәстүр келіп тірелген заманауи мәселелердің шешімін тауып, көл-көсір мұраның бағын өркениетке лайық ашатын соны соқпақ іздейміз бе?

– Уақыт бір орнында тұрмайды, алдыңғы буын кетіп, кейінгі толқын жастар келеді. Біз көзіміз көрмеген ұлттық өнердің қайнары болып саналатын қаншама дүлдүл өмірден өтіп кетті. Бұрынғылар жүріп өткен жол мен бүгінгі күн талабы арасында сабақтастық байланыс бар ма, өнерге кейін келген інілеріңіз бен қарындастарыңыз осы байланысты қамтамасыз ете алды ма?

– Көзі тірі айтушылардың өнеріне қатысты төрелікті мырза уақыт өзі бере жатар. Жүйе жоқ жерде бірдене айтудың өзі киын. Ал өмірден өтіп кеткен жыршылардың жайына келсек, онда сұрағының көтерген туы бүгін түспейді, Түреке. Музыкалық антология, энциклопедия жасау тәжірибемдегі тырнақалдым «Манғыстаудың музыкалық мұрасы» (96 ән, күй, макам) болатын. Сондай жұмыстың келелісі қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі Қазақстандағы 17 конфессияны тұтылатын 100-ден аса этнос өкілдерінің өнеріне қатысты «Қазақстандағы этностардың музыкалық мұрасы» («Музыкальное наследие этносов Казахстана», «The musical heritage of ethnic groups in Kazakhstan») деген еңбегім 2015 жылы Қазақстан халқы ассамблеясы қоғамдық-саяси институтының құрылғанына 20 жыл толуына орай Қазақстан Үкіметінің Қаулысымен жарық көргенін білсіз.

Сыр өнерінің жанашыры, марқұм Қаһарман Бабағұловтың қаржылық көмегімен жарық көрген «Сыр сүлейін сұрасаң» антологиясына Қызылорда облысының 7 ауданынан (Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жанакорған) шыққан 67 әнші, күйші, жыршының репертуары жайында мәлімет, 298 ән, күй, макам үлгілерін топтап берген болатынымын. Сыр бойында Мәдениет басқармасына басшылық жасаған жылдары осы жұмысты күрделендіріп, «Қайталанбас дауыстар» («Неповторимые голоса»). Антология мастеров Сырдарынского региона) деген атпен 237 Сыр салғағы жайында құнды мәлімет, жеке жинау жұмысымның нәтижесінде түрлі мұрағат қорларынан алып жүйелеген 523 ән, күй, макам үлгілері, терме, толғау, хат, жауаптаусу, эпикалық жыр үзінділері, сондай-ақ әнші, күйші, жыршы, акын, актер, жазушы, ғалым, қоғам қайраткерлерінің дауысын топтап бердім. Солардың арасында мен Рүстембек Жиенбаев, Нұғыман Молябаев, Рахмет Мәзкожаев, Күндебай Алдонғаров, Әбілда Жүргенбаев, Сүйібай Ақбаев, Балқашбай Жүсіпов, Берекет Омаров, Көшеней Рүстембеков, Алшыбек

Сәрсенбаев, Темірхан Ергалиев, Болатбек Ердәулетов, Сұраған Мырзаев секілді дүрлерді тыңдаудан жалықпаймын. Әрине, ол қалғандарын мүлдем тыңдамаймын деген сөз емес. Заманы бір айтушылар арасында мақамды осы жайсаңдар секілді құбылтатын жыршылар тым сирек еді.

– Беке, біраз уақыт Қызылорда облысының руханиятына, мәдениетіне қызмет еттіңіз. Үлкен саланың басшысы болып жүргенде құрыар жұмыстар атқарылды. Оны күнде көзіңізге айтып жатпаса да, көзқаракты ел біледі. Алғаш рет «Қорқыт және ұлы дала сазы» халықаралық фестивалі өтті, алғінде өзіңіз айтқан «Қайталанбас дауыстар» музыкалық антологиясы, «Сыр сұлуы», қайдасың?, «Жанымың жарты қобызы» ұнтаспасы, «Сыр өңірінің мәдениеті» тарихи анықтамалық альбомы, жауынгер акындардың хат өлеңдерін құрастырып «Майданнан хат» жинағын шығардыңыз. Осының өзі бір институт атқаратын жүк қой. Сіз соны жалғыз жүріп-ақ ретке келтіріңіз.



Тап сол кезде бұрын көңіл бөлінбеген қылқалам шеберлерінің шығармашылығы ерекше бағалана бастады. Бірнеше Республикалық суретшілер пленері өткізілді. Соның қорытындысымен Ө.Мамақованың, Қ.Зәкірұлының «Құс жолы», Р.Шегебаевтың «Қорқыт менің жүрегімде», «Сыр мұражайының ғажайыптары», С.Пірмаханың «Қылқалам шерткен жыр ғалам», «Тәуелсіздіктің сырлы бояулары» альбомдары мен талантты режиссер Ә.Хүсейіннің «Сол бір жаңа жыл» кітабы шықты. Жоғалдыға саналып жүрген Н.Кенжеғұлұлының «Тағаймұрат» дастаны, Манап пен Мұхтарға дейінгі айтыстың 27 жылғын қамтитын «Сырда өткен сөз саяйсы», ұстазың Манап Көкенов жинағанмен зерттеусіз қалған Қ.Алдабергеновтың «Асылымн әлі күнге танылмаған», сүлейлер ізін жалғаған өлең иелерінен екшеп «Сыр саңлақтары» жинағы, «Жырау» ғылыми-танымдық, көркем қойылымды фильм жасалды. Соларды құрастырып, алғы сөзін жазып, жауапты редактор, өмірбаяндық деректерін жазу жұмыстарын да атқардыңыз. Арасында Астана, Алматы, Өскеменде Қызылорда облысының күндерін өткізіп жататын едіңіз. Зыр қағып жүріп 7 ауданды аралап, солардың мәдени жұмысына бағыт-бағдар беретіңіз. Мен өз басым таңғаламын, тіпті мыныма сыймайды, осының бәріне қалай үлгеріп жүрдіңіз?

Көзіқаракты, көкірегі ояу азаматтар осыншама жанкешті әрекет көрер, түбі ескерер деп ойлаймын. Бір сөзбен айтқанда, меніңше сіз еліңізге беретініңізді бір адамдай-ақ бердіңіз, тіпті сыбағалы үлесіңізді асырып жібердіңіз. Ал енді елден не алдыңыз, соны айтыңызшы?

– Академик жазушы М.Әуезовтың «Біздің Мардан бар жерде құлдың керегі жоқ екен ғой» деген сөзін ерекше ілтипатпен айтып жүретін, иманды болғыр Мардекен. Сол айтқандай-ақ болған да қойған екен, Түреке. Дегенмен рақмет, бір адамның ескергені мың адамның қош көргені деп қабылдадым бұл ілтипатыңызды. Әрине, кезінде талай істің арқауына мұрындық болған шығармыз, көп жағдайда идея қосқан болармыз, ретін тауып болар жағын көрсеткен, облыс басшысына түсіндіріп, мәдениеттің мың сан мәселесіне көзін жеткізіп, сенім шақыратындай етіп жасандыраған кезіміз аз болмаған шығар. Оны Алла біледі. Әйтеуір, қанша жыл басшы болғанда, ешкімге сөйлейтін сөзімді жаздырып көрген жокпын, өзіміз

де қағаздың мөріне қарауды білмей кеттік.

Басшыға сөз келмеу жағын ойлап, қаласа өзім жүгіретінмін. Қызылорда кәсіпшілігі ортасында «Сүлейлер» деген аллға бар. Соның идеясын ғылыми негіздеп, Сержан Нәметшаның авторлығындағы бір ұшы қалам, келесі ұшы найза тектес стелланың мән-мағынасын ашып, «Сүлейлер» деген сөзден бастап, жағалай тасқа қашалған мәтіндерді түгел өзім жазып шыққанмын. Әрине, мемлекеттік қызметте жүріп, бір жағы шығармашылықпен айналысу адамды шаршатады. Шаршағанда да, біржола сөліңді сығып алады ғой. Есесіне, қазір қандай, көрген адам сүйсінетін ескерткіш болып қалды.

Десе де, сол жобаның құрылысы кезінде қалып қойған ерекше бір детальді кейін ешкім қолға алмады. Бір әкімнің игі жұмысын соның орнына келген басшы жалғастыра бермейтіні қасірет қой. Негізі, «Сүлейлер» аллғасында дыбыс ұлғайтқыштан күндіз-түні «Сыр сүлейін сұрасаң» музыкалық антологиясына енген, басқа

көзқарастан соң олардың өзі кімді елегендей? Мұндай «Хак жарықап» жағдайдан мекеме басшылары да құр қалған жоқ. Ондағы ойым: өзінде атақ жоқ басшы оны өзгеге де қимайды ғой. Өзіме дейінгі 10 жылға зерделеу жасағанда, облыс бойынша алғаны 10 шақты екен. Менің тұсымдағы 5 жылда 40 шақтысын бүктедік. Аз ба, көп пе, ол жағын білмедім. Мен аз да болса шарапатымды тигізуді ғана ойладым. Бұл жайында кезінде досым Дүйсенбек Аяшұлы «Қазығына байланған қасиет» деген мақаласында келімін келістіріп жазды.

Міне, мен осындай жандардың алғысына бөлендім. Әрине, ол тізімге де қаңғалақтаған бір-екі көлденең көк атты кіріп кеткен болуы мүмкін. Оны жасырмаймын. Демек, солай болуы тиіс еді. Алғыс дегеннен шығады, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы, шешен тілді Сейілбек Шаухаманов бізге қаратып, «Шымшықты да қасапшыға сойдыру керек екен ғой» дегені бар еді. Мен сол Секеннің батасын алдым. Тұңғышымның үйлену тойында «Асығың алшысынан түссін!» деген

дұшпан да тапқан болуымыз мүмкін. Онсыз бекер екен, ет пен сүйектен жаралған пенденің жолы тақтайдай тұзу болмайтынына, ақ пен қараның айқасы мәңгі жүріп отыратынына елде жүргенде көзім жете түсті. Сыр бойында мыңға тарта тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштің ізі бар. Соның біршамасы сақталған. Өзіме қатысты болған соң, қызмет жайымен жүріп солардың тарихын қайта танып, бүге-шүгесін анықтап, бұрын беймәлім болып келген сырларын ашып, өзімді тарих пен археологияға жектім. Елге келіп еңбек етпесем, мүмкін сол қырымыз жабулы қазан күйінде қала берген болар ма еді, кім білсін? Мұны 20 жыл өткенде қайта табысып, өзгеше танысқан туған жерден жұғысты болған олжа демегенде не деуге болады? Бұл жағынан біздің алғанымыз шаш етекпен.

Ел бізге ерекше ықылас танытты. Жүрген жерімізде қошемет, құрмет көрсетті. Қарымтасына, біз де бедірей болмауға тырысып бақтық. Бірақ кім біледі, қате басқан жеріміз де бар шығар? Пенденің жаза баспайтын кезі жоқ қой. Адамтану деген арнайы ғылым саласы жоқ, бірақ барлық ғылым соған келіп сүйкене береді. Абайша айтқанда, туған топырақ төсінен сол заһири ғылымның дәмін таттық. Бірақ ол өте ұзақ көктеп, тамыр алып, бүршік атуының өзіне жылдар жіберетін күрделі үдеріс. Ең бастысы санаға, жүректің түбіне соның ұрығы егілсе болды. Қай нәрсенің де ақырын тек Алла біледі. Өйткені, адамның табиғаты құбылып тұрған сағым сияқты. Алла жаратқан табиғатпен адам табиғатының арасында сөзсіз ұқсастық бар. Десе де, қатар әліптеуге келмейтін құбылыстар.

Кейінгі кезде елге жиі барып тұрамын. Алайда, бірден-саран ілтипаты үзілмеген, сөзінді түсінетіндер болмаса, басқа ешкімнің мазасын алып, ретсіз хабар салып, бұйымтайлатуға жоқпыз. Көбіне Ақбасты, Бөген жағын айналдырып кетеміз. Заманында 17 мың қылқұйрық біткен 8 мың шаңырақ Кішкенеге билігі өткен атақты Нұрбай бидің ұрпағы, ағайынға сәулесі түскен Аманбай Ерхатов есімді қазақ бар. Сол екеуміз етенеміз, табиғатпен бетпе-бет келіп отыратын аңсақ әдеттен құр алақан емеспіз. Бұл да елден еншілеген, тумасақ та туғандай болғаным. Орысқа қылшш көтеріп, мінез көрсеткен қасқа шалдардың төбел туған бүгінгі бүтін тұяғы, аргы атасы Ақжайықты жайлаған Теке бағыр, кейін ескі көңінің орны Орал атанған есідердің сарқыты Жалғасқан Құлекенов деген бауырым бар. Міне, әуелі Алланың, содан соң елдің маған қосақтап берген «олжасы» осылар. Көбінің түсін түстеп, атын атай алмаймын, ол тарапта кейін үлкен өкпеге қалуым бек мүмкін.

– Өзіңіз білетіндей, жас шағында арман қуып, Алматыға кеткен ақын-жазушылар үлкейгесін елге орылып жатыр. Адам пенде қалай болғанда да туған топырақты аңсамай тұрмайды ғой, Сіз де ел ағасы жасқа келдіңіз, бір Сыр бойы ғана емес, Қазақстанға қажет мамансыз, елге қайту ойыңызда жоқ па?

– Алла сәтін салып елге барып, азым-көпті қызмет жасап, ағалармен, азаматтармен сыйласып, оң-солымызды танығаннан кейін елде қалып қою керек еді, негізі. Аргы жағымда ондай ізгі ойдың болғанын жасырмаймын. Өйткені, осы уақытқа дейін біз жиып-терген тәжірибе мен өнер, ғылым, педагогикалық ой-толғамдар қазаққа, соның ішінде туған топырағым – Сыр бойына керек екенін жақсы білемін. Елге құр қол баруға болмайды ғой. Біз барсақ, руханият саласы тек олжалы болмақ. Бірақ кеудесін кек кернеген Махамбеттің әлі бір айта беретін толғауындағы «Лашын құстың тепкіні» секілді бір «екпін» Астана арқылы бізді Алматыға қайта алып келді.

Жетісуға екінші мәрте оралғаннан ұтпасақ, ұтылған жоқпыз. Үлкен-үлкен жобаларға қатысып, «Қазақстандағы этностардың музыкалық мұралары» атты 3 тілдегі қос томдық Мәдениет министрлігі жасаған ерекше жобалар қатарына еніп, жоспарлы түрде жарық көрді. Жаңылмасам, еңбегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы Қаулысымен баспа бетін көрген қазақ әзірге біз шығармыз. Сондықтан, Қазақстанның қай түкпірінде жүрсек те елді ойлап, сағынып жүретіміз рас. Баағы сөзі уәлі Сейілбек Шаухаманов аға берген жария бата қате кетпесе, бұйырса біз әлі Сыр бойының күрен топырағынан табылып, елдің кәдесіне жарап, әдемі қарттық өткізіміз керек. Пенде алдын болжап білген емес, білуші тек жалғыз Алла тағала «Ал, құлдарым!» деген күні досынды өзін күтіп аларсың.

– Беке, бүгінгі әңгімені осы жерден түйіндейік. Сәтін салған күні әлі жалғастырамыз. Ал енді өткен жылды қорытып, Құдай қаласа, тағы бір жылдың үзетігіне аяқ ілтіргілеі отырмыз. Алған марапатыңыз, келе жатқан жаңа жыл мерекесі құтты болсын, амаңдықта қауышайық!

Сұхбаттасқан
Тұрақ АДИСҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі



Әр адамның өмірі бір тарих деген халық аузында қанатты сөз бар. Егер сол сөздің түпнұсқасына зер салсақ, бұл теңеу тұлғаның саналы ғұмырында халқына жасаған қызметі мен қоғамына сіңірген еңбегінің нәтижесі деуге болады. Әдетте, қызметтес болған азаматтар жайлы жазу оңай шаруа емес. Ондай азаматтардың адами қадір-қасиетін жора-жолдас, ортасына, отбасына, қоғамына тіршілікте жасаған еңбегін жеткізе білу де үлкен жауапкершілік жүктейді.

Еңбегімен еліне танылған

Саналы ғұмырын еңбекке арнаған, қызметі халқының көз алдында болған, сол еңбегінің нәтижесінде ауыл, аудан, облыс экономикасының, оның ішінде ауыл шаруашылығының экономикалық тұрғыда өсіп-өркендеуіне, заманның талабына сай елеулі үлес қосқан, аймаққа белгілі экономист-қаржыгер Тобаш Ембергенов. 2022 жылы ақсақалдықтың асқар тауы сексен жасқа толғалы отыр. Ол 1942 жылы 5 қаңтарда Жалағаш ауданы М.Шәменов ауылында (бұрынғы «Іркөл» колхозында) туған. 1957 жылы Жалағаш қыстағындағы Сталин атындағы орта мектепті бітірген. 1957-1961 жылдары өзінің туған ауылында әуелі колхозшы, кейіннен механизатор болып жұмыс істеген. Әкесі Емберген диқаншылықпен айналысқан. Суармалы жердің қыр-сырын терең меңгерген талант иесі болған. Жерді кетпендеп, өзгi соқамен жыртып күрші еккен. Сағасын Сыр өзенінен алатын «Емберген арығын» қаздырған қарулы, еліне беделді азамат болған. Шешесі Айтабала молданың қызы Айша анамыз ескіше және жаңаша сауаты бар білімдар кісі екен. Колхоздың қара жұмысына жегіліп, сол заманның бейнеті мен тауқыметін көріп, алты баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген. Тобаш та сол уақыттың қиындағын көріп, колхоздың таусылмайтын қара жұмысын бір адамдай атқарып ержеткен.

Алпысының жылдардың басында ауылшаруашылық техникалары келе бастағанда Тобаш Қызылордадағы бір жылдық механизаторлар дайындайтын курсты бітіріп келіп, ДТ-54 тракторын айдап үш жыл тер төгіп еңбек еткен. Бұл соғыстан кейінгі күйзелген елдің әл-ауқатын жақсарту мақсатында қызу еңбектің қайнап жатқан кезі болатын. Соғыста қырылған миллиондаған боздақтың орнын толтыру үшін үкімет орта мектеп бітірген жастарды екі жыл өндірісте қалып еңбек етуге міндеттеген. Осы талапқа сай Тобаш шаруашылықта төрт жыл тер төкті. Замандастары сияқты жоғары оқу орнына түсіп мамандық алуды армандап, Алматыдағы Қазақстiк мемлекеттiк ауыл шаруашылығы институтына құжаттарын тапсырады. Конкурстан өте алмай қалады. Тауы шағылмай құжаттарын Шамалғандағы ауыл шаруашылығы техникумына тапсырып, оқуға қабылданады. Оқу орнын ойдағыдай аяқтап «Жоспарлаушы-бухгалтер» мамандығын алып, ауылға оралады. Жолдамамен келген оны 1964 жылы «Қазақстанның 20 жылдығы» атындағы колхозға (қазіргі Мырзабай ахун ауылы) бас экономист қызметіне жібереді. Бұл қызметті ол 1964-1969 жылдар аралығында атқарды.

Шағын ауылдың экономикасын арттыруға маман ретінде салаларға талдау жасап, аз шығынмен мал өнімін өндірудің көзін өндіріске енгізіп, жоспарлы экономика саясатын жүзеге асыру-

да аянбай еңбек етті. Тобаш осы шаруашылықта колхоз төрағасы болып бірге еңбек еткен Социалистік Еңбек ері Ұзақ Еспанов ағасынан халықпен жұмыс істеудің қыр-сырын үйреніп, сабақ алғанын үнемі айтып жүретін. Ол кісіні ұстазым дейтін. Сол жылдары ауылда жаңа үйлер бой көтеріп, мәдениет үйі, басқарма кеңсесі, сауда дүкені, малшылар үйі пайдалануға беріліп жатты. Колхоздың мұндай құрылыстарды салуы экономикасының өсуінің белгісі еді. Уақыт талабынан табылып өсіп келе жатқан білікті маман 1969 жылы ауданның ірі Калинин атындағы (қазіргі Бұқарбай батыр ауылы) шаруашылыққа бас экономист қызметіне барады. Ол кезде Калинин атындағы кеңшар аудандағы күршіт мол өндіретін, мал шаруашылығы дамыған, өзінің бұрыннан қалыптасқан дәстүрі бар, көп ұлт өкілдері тұратын кеңшар еді.

Калининде бас экономист қызметінде болғанда шаруашылық жыл сайын таза пайдамен шығатын. Рентабельді шаруашылыққа айналуына білікті маман ретінде өзінің білімін, қажыр-қайратын жұмсады. Кеңшар облыста бірінші болып басқарудың жаңа жүйесі диспетчерлік қызметке негізделген цехтық басқару жүйесіне көшті. Тобаш өзінің «Өмірім – ой-толғамдарым» деген естелік кітабындағы «Цехтық жүйе – басқару тұтқасы» деген мақаласында «Жалағаш ауданында Калинин атындағы совхоз осыдан он үш жыл бұрын облыста бірінші болып басқарудың цехтық жүйесіне көшті. Совхозда үш бөлімше болды, ол таратылды. Диспетчерлік жүйе енгізілді. Оны бас мамандар басқарды. Штат, адам саны қысқарды. Басқарудың сипатынан штаттары ықшамдалды. Осы саланың қаржысы үнемделді. Совхозда таза пайда артты. Жыл сайын 800-900 мың сом таза пайда алып жүрді. Совхоз ІІ бесжылдықтың өткен төрт жылында жоспардағы 3 миллион 425 мың сом орнына 5 млн 357 мың сом таза пайда тапты. Өндірістің рентабельділігі 26,6 процентке жетіп, еңбек өнімділігі өткен жылы 1983 жылмен салыстырғанда 12%-ке артты» дейді. Естелігінде: «Менің өмірімнің жастық, жарқын кезеңінің 12 жылы осы ауылда өтті. 1960-1970 жылдар бұл ауылда корей ағайындар тұрғындардың 45-50%-ін құрайтын. Олар өндірістің шешуші салаларын басқаратын. 1969 жылдың сәуір айында колхоз совхозға өтті. Сонда аудандағы шаруашылықтар ішінде банк резервиндегі арнаулы шотта 300 мың сомы бар бірден-бір шаруашылық осы Калинин атындағы колхоз болатын. Басшылар қаржыны өздері пайдаланбай мемлекеттік бюджетке аударып жіберген. Корей ағайындардың еңбекқорлығы, ұқыптылығының арқасында ауылдағы үйлердің айналасы көк-жасыл жеміс ағаштарына, көкөніс дақылдарына оранып жататын. Ауыл орталығында



калаға тән барлық қызмет көрсету орындары жұмыс істейтін» деп жазған.

Сондай-ақ Төкен Жалағаш ауданының құрылғанына 70 жыл толу мерекесі қарсаңында шыққан «Шежірелі Жалағаш» кітабында алғашқылардың бірі болып ауданды құруға ұйымдастыру жұмысына қатысқан, Калинин атындағы совхозды 17 жыл басқарған «Ленин» орденді Ким Яков Яковлевичтің аты аталмағанына өкініш білдірген.

Тобаш совхоздағы экономикалық талдау бюросының жетекшісі, экономикалық оқудың, халықтық бақылау тобының жетекшісі, «Білім» қоғамының лекторы, насихатшы, т.б. қоғамдық жұмыстарды атқаратын. Осындай белсенділігін көріп-білген аудан басшылығы Тобашты 1978-1981 жылдары ең әуелі Жалағаш аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, Калинин атындағы кеңшар партком хатшысы қызметіне жіберді. Өзінің өндірістегі мол тәжірибесін партия қызметінде ұштастырып, үлкен мектептен өтті. Кеңшардың партком хатшысы кезінде он алты ұлттың өкілі тұрып жатқан ауыл ол үшін нағыз өмір мектебі болды. Үйренуден жалықпаған Тобаш аупарткомның нұсқаушысы, аудандық облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының экономика жөніндегі орынбасары болғанда да мол тәжірибесін жоғары лауазыммен ұштастыра білді. 1981-1983 жылдары Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының экономикалық жұмыстар жөніндегі орынбасары, жоспарлау-экономика бөлімінің бастығы қызметін атқарды. Калинин атындағы кеңшарда бас экономист болған кездегі өзі өндіріске енгізген цехтық басқаруды, механикаландырылған күрші звеноларының жұмыс тиімділігін, технологиялық карта бойынша жұмыс істеуін, олардың артық шығынға жол бермеуін, үнемделген қаржы жыл аяғында 25% звено мүшелеріне тапқан табысына қарай пропорционалды бөлінуін батыл енгізуге күш салды. Ол кезеңде аудан шаруашылықтарының барлығында экономикалық талдау бюросы құрылып, экономикалық оқу жүйелі түрде жүргізіліп тұрды. Осы жұмыстардың барлығына ауданның бас экономисі Тобаш басшылық жасады. 1976-1980 жылдары өзін туып-өскен Калинин атындағы кеңшарда (қазіргі Бұқарбай батыр ауылы) өндіріс бригадирі, агроном болып еңбек еткен жылдары Тобашпен қызметтес болғанымды, жоғарыда баяндалған өндіріске енгізіліп жатқан ғылыми негізге бағытталған озат тәжірибелерді енгізудің күәсі және оны іске асырушы болғанымды айтуға тиіспін.

Тобаш 1983-1985 жылдары жүзге жуық колхоз совхозы және ауылшаруашылық мекемесі бар облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының экономикалық жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметінде жүріп колхоз-совхоздардың экономикасын көтеруге, өндірісті басқарудың ішкі шаруашылық есепке негізделген отбасылық, арендалық-

мердігерлік әдістерді әрбір бригада, әр фермаға ендіруге тәжірибелі экономист маман ретінде тікелей басшылық жасады. 1986-1991 жылдары облыстық агроөнеркәсіптік комитеттің бөлім бастығы, 1991-1993 жылдары облыстық орман шаруашылығы мекемесінің бас есепшісі, 1993-1994 жылдары екінші рет облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының экономика жұмыстары жөніндегі орынбасары болған. 1994-1995 жылдары Ботаника бағының директоры, 1995-2005 жылдары облыстық қаржы-бақылау басқармасының бас маман-бас бақылаушысы қызметтерін атқарған. 2005 жылдан зейнеткер, еңбек ардагері, қаланың қоғамдық өміріне белсене араласады. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Ел, жер, қоғам, ел басқарған қайраткерлер, тұлғалар, өткеніміз бен бүгінгі күннің өзекті мәселелері жайлы мақалаларын үзбей жариялап тұрады. «Өмірім – ой-толғамдарым», «Экономист ұстаз» атты кітаптардың авторы.

Тобаш туралы жазбас бұрын сыныптастары жазған «Біз елу жетінің түлектеріміз» деген кітапты тағы да парактап шықтым. Бүгіндері сексеннің сенгіріне шыққан ағалар мен апалардың балалық, жастық шақтарынан бастап достығы мен сыйластығы жарасып, қалыптасып, бүгінгі күнге дейін алпыс бес жыл бойы ағайын-туысқандай қарын-қатынаста болып келе жатқанына сүйсіндім. «Камшының қысқа сабындай өмірде бұдан артық не бар?» деп ой түйдім. «Кісіні тану үшін оның достарының кім екенін біл» дегенді, оның бұдан 65-70 жыл бұрынғы сыныптас құрдастары, замандастары – әу бастан еңбеккер, қоғамшыл, белсенді болғандар. Олар – Садық Әлиев, Талғат Жүнісов, Жақай Бодықбаев комсомол, партия, кеңес, ауыл шаруашылығы саласының басшы орындарында, әкімдікте жұмыс атқарған азаматтар. Мырзамұрат Ілиясов, Тұрсынбай Тәшенов – Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшелері, аудандық газеттің редакторлары болды. Сыныптасы Нұрлаш Қартпанбетова халық қалаулысы ретінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесінің депутаты болса, ұстаздар Сара Алмазова, Кеңесбай Жұмахметов, Роза Исахметова, Сұлтан Пірмағанбетов, Аманкелді Шілдебаев, Тұрлыбек Тауманов – оқу ісінің үздіктері. Халық шаруашылығының түрлі салаларында абыройлы жұмыс атқарған Сейтбек Досаев, Хамит Әбдіхалықов, Байна Наршаев, Данабек Ижанов, Балтабай Ақназаров, Алматай Тәуірбаев айтулы мамандар болатын. Олар тәуелсіздігіміздің негізін қалауда өздерінің жарқын да өнегелі істерімен еліне елеулі, халқына қалаулы болған азаматтар еді.

Тобаштың зайыбы Сара Әмзебаева – Батыр ана, мамандығы – есепші, зейнеткер, сегіз бала тәрбиелеп-өсірген. Балалары Гүлнар, Маржан, Қалдыгүл, Жамал, Рүстем, Әлімжан, Ғалия, Абай әртүрлі салада еңбек етуде. Ол облыс әкімі мен облыстық мәслихаттың Құрмет грамотасы, Қызылорда қаласы әкімі мен мәслихаттың Құрмет грамотасы, Тәуелсіздіктің 20 жылдығы мерекелік медалі, Қаржы министрінің Құрмет грамотасы, т.б. көптеген мерекелік медальдармен марапатталған. Жалағаш ауданының құрметті азаматы. Бұл күндері сексенге шыққалы отырған Тобекен тамыры терең бөйтеректей балалары мен немере-шөберелерінің ортасында мәнді де сәнді өмір сүруде.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Жалағаш ауданының құрметті азаматы

Мұғалім – мектеп айнасы

Ұзаған жылы ел Тәуелсіздігіне 30 жыл толды. Осынау уақыт аралығында еліміз әлемдік үдеріске ілесіп, жаңаша даму бағытына қадам басты. Әр сала бойынша негізгі басымдықтар айқындалып, жүйелі жоспар жасалды. Бірнеше мемлекеттік бағдарламалар іске асырылып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін берді. Осы орайда білім саласы бойынша «Педагог мәртебесі» заңының қабылдануы сала мамандарының қоғамдағы орнын айқындап, сол арқылы білім беру ісіне жаңаша серпін ала келді.



Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында «Біз ұстаздарды қолдау саясатын жалғастыра береміз» деген сөзі білім саласының болашағына сенім ұялатып отыр. Сондай-ақ, орта білім беру саласы бойынша 2025 жылға қарай елімізде бір мыңға жуық мектеп салуды міндеттеген болатын. Бұл тапсырма облысымызда, оның ішінде Арал ауданында да жүйелі жүзеге асырылып отыр. Жалпы, еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында тұрған ауқымды міндеттерді жүзеге асыруда ұстаздар қауымының аянып қалмайтынына сенімдімін. Өзім Арал қаласындағы №220 мектепте 35 жылдан бері сүйікті мамандығым бойынша еңбек етіп, жас ұрпаққа білгенімді үйретіп келемін. Осынау мәртебелі міндетті атқаруда шәкірттер алдында зор жауапкершілікті сезінемін. Шығармашылығымды үнемі дамытып отыруға тырысамын. 2019 жылы география пәні

мұғалімдері арасында өткен аудандық олимпиадада бас жүлде – бір миллион теңгені жеңіп алып, кабинетімді пәндік бағдарлама талаптарына сай жабдықтадым.

Жаңа ғасыр тұсында қоғамда орын алған түрлі өзгерістер жас ұрпақты жаңаша оқыту мен тәрбиелеу міндетін алға тартты. Бұл тұрғыда мұғалімдердің еңбекақысын кезең-кезеңімен көбейтіп, әлеуметтік қолдау шараларын ұсынып отырларын қоғамдағы көптеген қалыптасырып отыр. Жаңа жыл қарсаңында аймақтың білім беру саласында абыройлы еңбек етіп жүрген әріптестеріме мықты денсаулық, мәртебелі міндетімізді атқару жолында толағай табыстар тілеймін!

Дариха АҚЖОЛОВА,
№220 орта мектеп мұғалімі,
ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметшісі
Арал қаласы

Дәрігердің жұмысы қауырт қана емес, қауіп-қатерге де толы. Әсіресе кейінгі екі жылда ақ халаттылардың міндеті екі еселеніп, жауапкершілігі жоғарылады. Бүкіл әлемді жайлаған пандемия кезінде оларға деген халықтың сенімі мен алғысы артты. Көпшіліктің ризашылығы мен әріптестерінің құрметіне бөленген Ибақыз Түсіпқалиева – сондай жанның бірі.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Шапағаты мол шипагер

Өңгіме өзегіне айналған кейіпкеріміз 1982 жылы Ақтөбе мемлекеттік медициналық институтының «Емдеу ісі» мамандығын бітіріп, еңбек жолын Қызылорда қалалық ауруханасында дәрігер-инфекционист болып бастаған. Бұл жерде 6 жыл жұмыс істеп, 1989-1996 жылдар аралығында облыстық жұкпалы аурулар ауруханасында дәрігер болды. Одан кейін осы ауруханада бөлім меңгерушісі, бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Жоғары санатты дәрігер-инфекционист өз жұмысына қашанда тиянақты. Ибақыз Шәріпқызы 1987 жылы Жалағаш, Қазалы аудандарында іш сүзегі, 1998 жылы қалада холера, 2002 жылы Арал ауданында وبا, 2009 жылы Шиелі ауданында Сібір жарасы, 2011 жылы Шиелі ауданында құтқару ошақтарында, бірнеше мәрте Жаңақорған, Шиелі аудандарындағы Қырым қанды сүзегі ошағында диагноз нақтылау-емдеу жұмыстарын атқарған. 2000-жылдары вирустық гепатиттердің емін алғашқылардың бірі болып қолға алды. Жүзделген адамдар емделіп, алғысын жаудырды. Бауыр циррозын емдеуде жақсы нәтижеге жеткен. Гепатолог мамандығын да қоса атқарады. Гиппократ антына берік дәрігер еңбегі лайықты бағаланып, «Алтын дәрігер», «ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі» наградларымен марапатталған.

Кәсіби шеберлігі мен азаматгершілік қасиеті оны өзгелерден дара етіп көрсетеді. Майталман маман қай кезде де сұранысқа ие. Зейнетке шықса да, жұмыс істеп келеді. Бейнетті жылдардың жемісін көріп, бір әулеттің алтын дінгегі болып отыр.

Жолдасы Ғалым Жалғасбаев та денсаулық сақтау ісінің үздігі, ұзақ жылдар облыстық ауруханада хирург-дәрігер болып жұмыс атқарған. Қазір медициналық әлеуметтік сақтандыру қорының облыстық филиалында бас орталышы.



Ата-анасының ізін жалғап келе жатқан Жомарт жоғары дәрежелі хирург, Денсаулық сақтау ісінің үздігі, магистр. Нұр-Сұлтан қаласындағы қалалық ауруханада хирургия бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады. Ал екінші ұлы Саламат подполковник, құқық қорғау органдарының үздігі.

– Кейінгі екі жыл медицина саласы қызметкерлерінің жауапкершілігін одан әрі арттырды. Әсіресе жұпалы аурулармен күресетін бөлімдердің қызметі еселенді. Ел басына сын туған шақта отбасындағы бала-шағаны тастап, айлап науқастарды емдеген әріптестеріме ризамын. Пандемия кезінде қаншама адам ажалмен бетпе-бет келді. Талай жан өмірден озды. Табалдырығымызға енген жыл бұндай жағдайдан ада болып, халықтың денсаулығы мықты болсын. Әр шаңыраққа амандық, халқыма береке-бірлік тілеймін! – дейді дәрігер.

Дені сау адам – қоғам байлығы. Әрбір жанның өмір сүру сапасының жоғары болып, өмірге деген сүйіспеншілігін арттыруда ақ халаттылардың алар еңбегі зор. Қандай атаққа не болса да, ең бастысы, халықтың берген батасы мен алғысына жетпейтін рас. Ибақыз Шәріпқызы халық ризалығын алып отыр. Ал көптің алғысына бөленген жан бақытты болатыны сөзсіз. Еңбеккер әрі ізденгіш, абырой-беделі үлкен дәрігердің бақыты да, мұраты да осы болса керек.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

«ПетроКазахстан Венчерс Инк.» филиалы «Қоршаған ортаны қорғау (ҚКҚ)» бөлімі «Келісімшарттық аумақта жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі жобаға 18.09.1998 ж. № 240» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды:

Қоғамдық тыңдауларды өткізудің орны, күні және уақыты: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теріөзек кенті, Абай көшесі, №31, Сырдария ауданының әкімшілігі, 15.02.2022 ж., сағ. 10:00. Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бо-

йынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін. Карантин жағдайында (онлайн форматта) <https://us04web.zoom.us/j/5280664063?pwd=QjRlOTVBaL0Z3bkRmOEVSySXY3Yk90Zz09ZOOM> бағдарламасы. Конференция идентификаторы: 528 066 4063 Кіру коды: 1234

«ПетроКазахстан Венчерс Инк.» филиалы «Қоршаған ортаны қорғау (ҚКҚ)» бөлімі «Келісімшарттық аумақта жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі жобаға 18.09.1998 ж. № 240» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдауларды өткізудің орны, күні және уақыты: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Әйтеке би көшесі №12, Жалағаш ауданының әкімшілігі, 15.02.2022 ж. сағ. 15:00. Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Карантин жағдайында (онлайн форматта) <https://us04web.zoom.us/j/5280664063?pwd=QjRlOTVBaL0Z3bkRmOEVSySXY3Yk90Zz09ZOOM> бағдарламасы. Конференция идентификаторы: 528 066 4063 Кіру коды: 1234

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылдың 28 желтоқсанындағы ұйғарымымен «Ансар-Сервис» ЖШС-на (БСН 991140005209) қатысты оңалту рәсімін қолдану бойынша азаматтық іс қозғалғанын хабарлайды.

Барлық талап-тілектер мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29 үй.

АРМЫСЫҢ, АЛАНЫМ!

Жыл және жыл атын иеленген барыс сипаты

Барыс – өте жүректі аң. Оған жеңіліс жат. Күшігі «алан» деп аталады. Егер аланы әлі жетілмеген кезде оған арыстандар шабуыл жасаса, барыс зор арыстанды бүктеп тастайды. Әлі келмеген күнде жауының аузына өзін тығындап, ұрпағы үшін құрбан болады. Барысты саналы адамдар осындай қасиеті үшін қадірлейді. Соны білгендей, барыс та адамға шаппайды. Арыстан да, қасқыр да, шибөрі де адамға тап береді. Барыстың бар аннан зияттығы сол, ол өзінен күштіге емес, өзінен саналыға бағынады. Сондай-ақ, ол биікті сүйеді, әділетсіздікті жек көреді. «Өзі жыртқыш болса, қалайша әділетсіздікті жек көреді?» деген сұрағыңыз санқ ете қалды ғой. Жыртқыштық оның болмысы емес, азықтану кезіндегі іс-әрекеті саналады.

Алтайлықтарда: «Барыс әділетсіздікті жек көргендіктен дүниеге соқыр болып туады» деген сөз бар. Рас, ол – «құмарпаз аңшы». Бір үйір киікке шабуылдағанда аса шапшаңдықпен он шақтысын сұлағып тастай алады. Алланың өзіне бұйыртқан азығы – сол. Өзінен артылғанын өзге аңдарға қалдырады. Мұны қанды жерге қайта соқпайтынынан білуге болады, елексе жемейді.

Барыстың аналығын «тау-тан» дейді, таутан 2-3 алан туады. Олар бір айдай інінде жатады. Сонан соң далаға шығады да, шайқатылып, құлап-сүрініп жүрмей, бірден-ақ он метр ұзындыққа, үш метр биіктікке секіретін болады.

Барыстың алған мақсатынан қайтпайтындығы, тектілігі адамзатқа үлгі. Баяғы батырлардың барыс терісін жамылуы – жауына көрсеткен сесі, «арыстан болсаң да алдыма келіп көр» деген айбаты.

Тәуелсіз еліміздің барысты өз нышаны есебінде бейнелеуі тегін бе? Барыс бейнесі түркі-



тілдес елдердің біразының елтаңбасына енгізілген.

Барыс туралы аз-маз білдік, ал, Барыс жылғылар қандай адамдар?

Басқа жылдармен салыстырғанда небір ғұламалар мен дарындылар Барыс жылы дүниеге көбірек келген. Мәселен, адамзаттың асылы Мұхаммед пайғамбардың Барыс жылғы екенін мұсылман қауым жақсы біледі. Солай екен деп пайғамбардың санатын басқа адамдарға қоспағанымыз абзал.

Барыс жылғылардың ашуланған сәтте ақырып жіберетінін қаталдығы деп санауға болмайды. Ол сүйсе күйіп-жанады, адалдығында шек жоқ. Қатал болса сөйте ме? Топ бастауға қабілетті. «Тура-тура сөйлеймін деп, туысқанына жақпайтын» да солар. Өзі көңілді жүрсе де онашалау, жиын-тойды ұната қоймайды.

Сіз жұлдыз жорамалмен қалайсыз, сенсеніз де, сенбесеніз де бұл да – бір ғылым. Расқа шығып жатады. Лайым рас болсын, Ақиқаты

Аллаға аян. Сол жорамалды да жағалап көрдік.

Барыстар жылқылармен жарасты жұп бола алады. Итпен шаттыққа толы шаңырақ көтеруі мүмкін. Тышқан жылғылармен тіпті тату емес. Тауық деген менменшіл, «қыт-қыттағанда» кеудесін көтеріп кетеді, өзінше. Ал, Барыс ондайды ұнатпайды. Алғашқы кезде Сырды жақсы көрсе де кейін оны да жек көре бастайды. Қояндар Барысқа басу айтып сабасына түсіре алмай, қорланады. Қойға да тыныш өмір керек. Доңыз болса – сезім құштарлығы мол, нәзік жаратылыс. Күліп отырсыз ба, мен Доңыздың өзін емес, Доңыз жылғыларды айтамын-дағы. Барыстардың басы ауған жаққа лағып кететін кездері де бар, мұндайда Доңыз ұстамдылық танытса, екеуі жарасып та қалуы мүмкін. Барыс пен Мешін кезіксе тез тұтанатын сезімге ерік береді, алайда, олардың отбасы болып кетуі, ай, қайдам? Ұлумен ілуде бір жарасады, олардың ортақ ұқсастықтары бар –

мінездері ашық, қолы жомарт.

Бөрі айтылды ма, айтылмағандар болса, Барыстың қандай екенін білдіңіздер ғой.

Барыс жылы қандай жыл дегенге келейік, енді.

Күнтізбе жасаушылардың зерттеулеріне зер салсақ, Барыс жылы туралы еш жамандық айтылмайды. Жайсыз жылдардың қатарында жоқ. Биыл аспан әлеміндегі болып жататын құбылыстарда өзгерістер орын алады. Тұрасын айтқанда, қуаты мол шұғылалы жұлдыздар Жермен тіке байланысқа шықты! Бұл шұғыла ұзақ уақыт бойы тарамдайды. Ауада, адам ағзасында жүрген түрлі кеселдің ағыны тұншығады. Осының бәрін мен әлемдік ақпараттардан алып отырмын.

Армысың, Аланым! Он екі жыл жеті қат көктің құрсағында жатып, қайта туған кастерлім. Ғаламшардан төгілген отты нұрдай көзіңнен шуақ шашылсын, шерім!

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Шахматтан жарыс өтті

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ардагерлер арасында шахматтан жарыс өтті. Іс-шараны облыстық ардагерлер кеңесі дене шынықтыру және спорт басқармасымен бірлесіп ұйымдастырды.

Тақта тартысына 10-нан аса ардагер қатысты. Олар сайысқа ерекше ықыласпен келіп, бұрынғы әріптестерімен жүздесті. Жарыс тартысты өтіп, тіпті, бірдей ұпай жинаған 4 шахматшы жүлделі екінші орынға таласты. Жеңімпаздарды қаладағы шахматтан кезінде облыс намысын қорғаған, спорт разрядтары бар ардагерлер анықтады.

Нәтижесінде, бұқаралық ақпарат құралдары саласының ардагері Тимур Қасымов жеңімпаз атанса, жүлделі екінші орынды ішкі істер саласының ардагері Едіге Ибрашев, ал келесі орынды теміржол саласының ардагері Аманжол Әлімбаев иеленді.

Жеңімпаздар арнайы дипломдармен, жүлдегерлер мен қатысушылар қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

«СБ» ақпарат

Жаңа жылда сән әлемі кез келген талғам мен түс үшін әртүрлі трендке толы болмақ. Ал қандай түске басымдық беріп, қай үлгідегі киімдер киген дұрыс? Осы орайда біз әлемдік дизайнерлердің болжамдарына шолу жасау арқылы талғам қалыптастыруға қадам жасайық. Бір қызығы, сала майталмандарының пікірі сан қилы. Бірі Барыс жылының басты тренді көк түс болады десе, енді бірі жолақты түстерді ұсынады. Сонымен келер жылы киетін киімнің әлемін тарқатайық.

Сән әлемінің сырлары



Дизайнерлер тоқылған ұзын көйлек сәнде болатынын айтады. Оған қоса трендке сақтықпен қарау керектігін жеткізуде. Егер жаппай түймелері бар күртеше немесе хаки түсті көйлек көрсеніз, еш ойланбастан алыңыз. Deveaux Сафари стилінде классикалық құмды сафари көйлекті де алуға асығыңыз. Себебі, жалпақ белдік, комбинезон және жібек киім – 2022 жылы сән әлемінің шыңында.

Christian Dior келер жылы сәнгерлердің жүрегің жаулап алуды жоспарлап отыр. Алтын түс барлық жерде болуы мүмкін: күзгі етікте, көйлек немесе юбкада. Гүлдердің қоспасы Барыс жылы ұмытылмас әсер сыйлайды. Жасыратыны жоқ, күлгін және кара-ак түстер сән әлемін мезі етті. Сол себепті, ашық түсті киім таңдаған жөн. Суреттегі екі немесе одан да көп түстердің үйлесімі таптырмас шешім болады.

Егер сізге барыс түсті киімдер ұнамаса, басқа тренді қараңыз. Заманауи әйелдерге арналған таңдауда гүлдер мен үлкен бүршіктер хит шеруді бастары анық. Сары алтын түс іздегендерге лаванданың Andrew Gn, Jil Sander, Almeida трендінің жеңіл түстері таптырмас шешім болмақ.

Ami, Altuzarra, Ansel сауда белгілері ұсынған костюмдерге сұраныс жойылғанша, кез келген түстің заманауи, сәл үлкен моделін сатып алуға болады. Әсіресе, ак түсті костюм. Auteur, Aje, Casablanca брендіннің жеңіл және еркіндік сыйлайтын сарафандары жыл бойы танымал. Бұл күнделікті киюге, кеңсе киімдері үшін де тамаша таңдауға айналады.

Қыстық киімдерден қысқа күртешелер қайтадан сәнде болады. Ол классикалық бейнелерді аша түсуге итермелейді. Ал күзде шағын пальтолар түсі қанық тоқыма

кеудешелер қайта келеді. Бұл кеудешелер қыста жылы, күзде де барлық киіммен үйлесіп кетеді. Бірнеше жыл бұрын қысқы сәнді жаулаған Чебурашка пальтосы естеріңізде ме? Енді жасанды жүнінен дайындалған қалың сырт киімдер шығатын болады.

Жаңа маусымда этно-өрнектері бар, тоқылған немесе киіз бас киімдер сәнді болмақ. Ал аяқ киімнен тізеден жоғары ұзын қонышты етіктер қайта келеді деп күтілуде. Сондай-ақ Etro, Isabel Marant, Sandro бренді ұсынатын хиппи стилі қазірдің өзінде классикаға айналуда. Ол 2022 жылы одан сайын танылмақ.

Тоқылған сәмкені ұната-тындарға тамаша жаңалық. Келер жылы Vereja, Bronx Banco сәмкесі S22, Chloe Resort PO S22 хиппи эстетикасы әдемі тоқылған сәмкелерге сұраныс туады. Мұндай жайлы сәмке жаңа жылда бәрінің сәнін ашпақ. Бұл шебер қолды тоқымашылар үшін таптырмас мүмкіндік екені анық.

Халық арасында соңғы жылдары ұлттық нақыштағы киімдерге қызығушылық арта түскен. Ою-өрнекті, заман талбаына сай киімдер сұранысқа ие. Отандық дизайнерлер жастар талғамына сай тігісі зерлі, кестелі көйлектерімен қуантауға асығуы қажет. Халқымыздың ұмытылып бара тоқыма өнерін дамытатын жыл болмақ. Көне де, ізгі дәстүрі арқылы қазіргі заманымызға лайықты түр беретін сәнді тоқыма көйлектер, белдемшелер, күзгі тоқыма пальтолар тоқитын шеберлер жаңа жылда мол табысқа жетпек. Сәнді киім адамға рухани және моральдық жағынан дем береді дейді дизайнерлер. Жаңа жылда талғамыңызға сай, таңдауыңыз табылсын.

Дайындаған
Гүлбану МАҚЖАДАН

Газетіміздің келесі саны 6 қаңтар, бейсенбі күні шығады.

Барыс жылына болжам

Алдан үміт пен жаңалық күтетін халқымыз қашанда жақсылыққа сенеді. Сол себепті «өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп» деп өткенге салауат айтып, келешекке жарқын үміт артады. Алдағы Барыс жылы еліміз үшін қандай жыл болмақ? Көпті алаңдататын сауалға ғаламтор беттерінен жауап іздеп көрген едік.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Тарихқа сүйенсек, Барыс жылы халықтың басынан бірқатар қиындық өткен. Қазақ халқының күнтізбелік білімінде бұл жыл жайлы болып есептеледі. «Халық Барыс жылында қоғамда үлкен өзгерістер болады деп күткен» – дейді тарихшылар. Бұл орайда 1986 жылғы Желтоқсан

оқиғасын еске түсірсек те жетеді. Тәуелсіздікке апарған батыл қадам екенін ешкім жоққа шығармас.

Барыс жылы еліміз үшін табысты, берекелі болады. Нумерологтардың болжамы осыған саяды. Әсіресе логистика, туризмнің дамуына оңтайлы жыл. Нуме-